

# "KASE КЛИРИНГ ОРТАЛЫҒЫ" АҚ

"KASE Клиринг орталығы" АҚ  
басқармасының шешімімен  
(2024 жылғы 4 қыркүйектегі №58 отырыс  
хаттамасы)  
бекітілген

2024 жылғы 6 қыркүйекте  
қолданысқа енгізілді

## Қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін анықтау ӘДІСТЕМЕСІ

Осы Әдістеме төмендегілерге сәйкес әзірленді:

- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 59 қаулысымен бекітілген клирингілік ұйымның тәуекелдерді басқару жүйесіне, клирингілік ұйымдағы тәуекелдерді мониторингілеу, бақылау және басқару шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптарға;
- 2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 11 қаулысымен бекітілген орталық контрагенттің Тәуекелдерін басқару жүйесіне, орталық контрагенттің тәуекелдерін мониторингілеу, бақылау және басқару шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптарға;
- 3) Қаржылық аспаптармен мәміле бойынша клирингілік қызметті іске асыру ережелеріне<sup>1</sup> (бұдан әрі - Клиринг ережелері);
- 4) Клиринг орталығының клирингілік қызметті жүзеге асыратын және/немесе орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асыратын мәмілелер жасауы кезінде қаржы құралдарының тәуекел – параметрлерін айқындау тәртібін реттейтін "KASE Клиринг орталығы" АҚ (бұдан әрі - Клиринг орталығы) өзге де ішкі құжаттарымен.

Осы Әдістеме Клиринг орталығының клирингілік қызметті жүзеге асыратын және/немесе орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асыратын Клиринг орталығы қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша тәуекелдерді бағалау, бақылау және басқару үшін пайдаланатын қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін есептеу және айқындау тәртібін орнатады.

### 1 тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

#### 1-бап. Жалпы түсініктер мен шартты белгіленулер

1. Осы Әдістемеді Қазақстан Республикасының заңнамасында, клиринг қағидаларында және Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарында белгіленген ұғымдар мен шартты белгілер, сондай-ақ келесілер қолданылады:
  - 1) Комитет - міндеті қаржы нарықтарындағы жағдайға, Клиринг орталығының, клирингілік қатысушылардың, эмитенттер мен инвесторлардың қызметіне байланысты тәуекелдерді талдау, мониторингтеу, анықтау және басқару, сондай-ақ Клиринг орталығының басқармасына ұсынымдарды дайындау болып табылатын Клиринг орталығы басқармасы жанындағы тұрақты әрекет ететін алқалы орган болып табылатын нарықтық тәуекелдер жөніндегі Комитет;
  - 2) уәкілетті бөлімше - функцияларына Клиринг орталығы клирингілік қызметті жүзеге асыратын және/немесе орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асыратын мәмілелер жасау кезінде қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін есептеу, айқындау және мониторингілеу кіретін Клиринг орталығының құрылымдық бөлімшесі;
  - 3) қаржы құралдарының тәуекел-параметрлері - биржалық нарықтардағы жағдаймен және Клиринг орталығының орталық контрагент функцияларын орындау кезіндегі қызметімен байланысты тәуекелдерді талдау, мониторингтеу, сәйкестендіру және басқару үшін қажетті жекелеген биржалық нарықтар үшін осы әдістемемен белгіленген параметрлердің жиынтығы;
  - 4) сауда-саттық құралының бағасының құбылмалылығы (бұдан әрі – құбылмалылық) - қаржы құралы бойынша репо / своп мөлшерлемесінің немесе қаржы құралының бағасының өзгергіштігінің өлшемі.
2. Осы Әдістемеді пайдаланылатын ұғымдар мен шартты белгілер сонымен қатар Клиринг орталығының басқа ішкі құжаттарында, қызметтік құжаттамада және Клиринг орталығының хат алмасуында қолданылуы мүмкін.
3. Қаржы құралдарының тәуекел-параметрлері келесі санаттарға бөлінеді:

---

<sup>1</sup> Клиринг орталығының директорлар Кеңесінің шешімімен бекітілді (2023 жылғы 5 маусымдағы №7 отырыстың хаттамасы).

- 1) іргелі параметрлер - жекелеген биржалық нарықтардың қаржылық құралдарының бекітілетін және/немесе есептік тәуекел-параметрлерін есептеу үшін қолданылатын параметрлер;
- 2) бекітіліген тәуекел-параметрлері - Осы әдістемеді сипатталған әдістерге сай белгіленетін және осы Әдістеменің 2-бөліміне сәйкес қарастырылған тәртіпке сай Комитетпен бекітілетін қаржылық құралдардың тәуекел-параметрлері;
- 3) есептік тәуекел-параметрлері - Комитет бекіткен тәуекел-параметрлерінің негізінде осы Әдістемеге сәйкес айқындалатын орталық контрагенттің өз қызметтерін орындау кезінде биржалық нарықтағы жағдаймен және Клиринг орталығының қызметімен байланысты тәуекелдерді бақылау және мониторингледуді іске асыру үшін қажетті қаржылық құралдардың тәуекел-параметрлері.

### 2-бап

#### Іргелі параметрлер

1. Іргелі параметрлерді Комитет әрбір жеке биржалық нарық және/немесе қаржы құралының санаты үшін белгілейді және олар базалық және техникалық параметрлерге бөлінеді.
2. Негізгі іргелі параметрлер бекітілген тәуекел параметрлерін анықтау үшін қолданылады.
3. Техникалық іргелі параметрлер есептік тәуекел-параметрлерді айқынаду үшін қолданылады.
4. Негізгі іргелі параметрлерге келесі параметрлер жатады:
  - 1) **сенім деңгейі ( $\alpha$ )** – құбылмалылықты бағалау үшін қолданылатын сенімділік интервалында бағаланатын параметрдің шынайы мәні болу ықтималдығын анықтайтын параметр;
  - 2) **тарихи кезең** - тарихи құбылмалылықты есептеуге арналған кезеңді анықтайтын параметр;
  - 3) **тәуекелдерді бағалау көкжиегі ( $T_{RH}$  – бірінші деңгейлі тәуекелдерді бағалау көкжиегі,  $T_{LKV}$  – екінші деңгейлі тәуекелдерді бағалау көкжиегі)** – клирингтік қатысушының мәмілелер бойынша міндеттемелерді және/немесе маржалық талаптарды орындамауы (тиісінше орындамауы) жағдайларын анықтау және реттеу үшін жеткілікті ретінде бағаланатын бірінші (екінші) деңгейдің уақыт кезеңін айқындайтын параметр, күнмен;
  - 4) **концентрация коэффициенті ( $K_{conc}$ )** – қаржы құралы бойынша шоғырлану лимитін айқындау үшін ескерілетін биржалық нарықтағы қаржы құралы бойынша сауданың орташа күндік көлемінің үлесі (пайызбен);
  - 5) **өлшеу коэффициентінің жоғарғы шекарасы ( $\alpha_{жоғарғы}$ )** – экспоненциалды өлшенген ауытқу (бұдан әрі – EWMA) әдісі бойынша құбылмалылықты есептеу кезінде қолданылатын шектеуші параметр;
  - 6) **өлшеу коэффициентінің төменгі шекарасы ( $\alpha_{төменгі}$ )** – экспоненциалды өлшенген ауытқу (бұдан әрі – EWMA) әдісі бойынша құбылмалылықты есептеу кезінде қолданылатын шектеуші параметр;
  - 7) "Бағалы қағаздардың есептік бағаларын анықтау әдістемесі" Клиринг орталығының ішкі құжатымен (бұдан әрі - бағалы қағаздардың есептік бағасын айқындау әдістемесі) айқындалған басқа да параметрлер
5. қаржылық нарықтың техникалық іргелі параметрлеріне келесі параметрлер жатады, олардың тағайындалуы:
  - 1) нарықтық тәуекел мөлшерлемелерін және баға дәлізінің шекараларын есептеу:

- x<sub>pr</sub>** – баға дәлізі шамасының бағалы қағаздар үшін нарықтық тәуекелдерді бағалау диапазонының шамасына қатынасы коэффициенті;
- n** – нарықтық тәуекел ставкаларын төмендетуге тыйым салу кезеңі, күндермен;
- h** – нарықтық тәуекел мөлшерлемелерін өзгертудің минималды қадамы, үлестермен;
- PcH<sub>max</sub>** – ішінара қамтамасыз ету шарттарымен саудаланатын қаржы құралдарының тізіміне енгізілмеген бағалы қағаздар үшін бір күн ішінде өтінім бағалары ауытқуларының жоғарғы максималдық мәні, үлестермен;
- PcL<sub>max</sub>** – ішінара қамтамасыз ету шарттарымен саудаланатын қаржы құралдарының тізіміне енгізілмеген бағалы қағаздар үшін бір күн ішінде өтінім бағалары ауытқуларының төменгі максималдық мәні, үлестермен;
- 2) пайыздық тәуекел мөлшерлемелерін және репо мөлшерлемелері дәлізінің шекараларын есептеу:
- x<sub>IR</sub>** – репо мөлшерлемелері дәлізі шамасының пайыздық тәуекелдерді бағалау диапазонының шамасына қатынасы коэффициенті;
- n<sub>IR</sub>** – пайыздық тәуекел мөлшерлемесін төмендетуге тыйым салу кезеңі, есептік күндермен;
- h<sub>IR</sub>** – пайыздық тәуекел мөлшерлемесін өзгертудің минималдық қадамы, жылдық пайызбен;
- RR<sub>1n</sub>** – репо операцияларының нарықтық өтімділігінің тәуекел мөлшерлемесі, жылдық пайызбен;
- 3) шекараның ауысуы:
- w** – баға дәлізінің шекарасына жақсы өтінімдердің максималдық жақындауы мәні, үлеспен;
- w<sub>IR</sub>** – репо мөлшерлемесі дәлізінің шекарасына үздік өтінімдердің максималдық жақындауы мәні, үлеспен;
- u** – өтінімдердің ең жақсы бағалары баға дәлізінің/репо мөлшерлемелері дәлізінің шекарасына максималдық жақын болуы мүмкін уақыт кезеңі және ол өткен кезде сауда-саттық барысында шекаралардың ауысуы жүзеге асырылады, секундпен;
- Shift** – шекараның ауысуы өлшемін анықтайтын коэффициент, үлеспен;
- 4) дефолтты реттеу мөлшерлемелері:
- SDH<sub>sec</sub>** – бағалы қағаз бойынша дефолтты реттеу мөлшерлемесінің жоғары шектеуші деңгейі;
- SDL<sub>sec</sub>** – бағалы қағаз бойынша дефолтты реттеу мөлшерлемесінің төменгі шектеуші деңгейі;
- CONST<sub>kzt</sub>** – теңге бойынша пайыздық үстеме, жылдық пайызбен.
- б. валюталық нарықтың техникалық іргелі параметрлеріне келесі параметрлер жатады, олардың тағайындалуы:
- 1) нарықтық тәуекел мөлшерлемелерін және баға дәлізінің шекараларын есептеу:

- x<sub>pr</sub>** – баға дәлізі шамасының шет елдік валюталар үшін нарықтық тәуекелдерді бағалау диапазонының шамасына қатынасы коэффициенті;
- n** – нарықтық тәуекел ставкаларын төмендетуге тыйым салу кезеңі, күндермен;
- h** – нарықтық тәуекел мөлшерлемелерін өзгертудің минималды қадамы, үлестермен;
- q** – құбылмалылықты есептеуге қатыспайтын алғашқы жүйелік мәмілелер саны;
- 2) пайыздық тәуекел мөлшерлемелерін және пайыздық тәуекел мөлшерлемелері дәлізінің шекараларын есептеу:
- x<sub>IR/swapx</sub>** – шетел валютасымен операцияның / валюталық своп операциясының есептік бағасының жоғарғы/төменгі мәндерінің диапазонының ені мен своп дәлізінің ені арасындағы арақатынасты анықтайтын коэффициент;
- n<sub>IR</sub>** – пайыздық тәуекел мөлшерлемесін төмендетуге тыйым салу кезеңі, есептік күндермен;
- h<sub>IR</sub>** – пайыздық тәуекел мөлшерлемесін өзгертудің минималдық қадамы, жылдық пайызбен;
- RR<sub>rf</sub>** – репо операцияларының нарықтық өтімділігінің тәуекел мөлшерлемесі, жылдық пайызбен;
- 3) шекараның ауысуы:
- w** – баға дәлізінің шекарасына жақсы өтінімдердің максималдық жақындауы мәні, үлеспен;
- u** – өтінімдердің ең үздік бағалары баға дәлізінің шекарасына максималдық жақын болуы мүмкін уақыт кезеңі және ол өткен кезде сауда-саттық барысында шекаралардың ауысуы жүзеге асырылады, секундпен;
- Shift** – шекараның ауысуы өлшемін анықтайтын коэффициент, үлеспен;
- 4) дефолтты реттеу мөлшерлемесінің есебі:
- CONST<sub>CURR</sub>** – шет елдік валюта бойынша пайыздық үстеме (CURR), жылдық пайызбен.

7. Деривативтер нарығының техникалық іргелі параметрлеріне келесі параметрлер жатады, олардың тағайындалуы:
- 1) нарықтық тәуекел мөлшерлемелерін және баға дәлізінің шекараларын есептеу:
    - RangeFut** – баға дәлізінің ені, үлеспен;
    - FutMonRange** – мониторинг дәлізінің ені, үлеспен;
    - N** – базалық актив бағасы сценарийлерінің саны;
  - 2) шекараның ауысуы:
    - FutMonNum** – баға дәлізінің жоғарғы / төменгі шекарасында шекараны өзгерту жүзеге асырылатын өтінім болған кезде фьючерстік келісімшарттың максималдық нөмірі;
    - AutoShiftNumMR** – баға дәлізі шегаралары өзгеруінің максималдық саны;
    - AutoShiftNumIR** – пайыздық тәуекелді бағалау диапазонындағы шекара өзгерістерінің максималды саны;
    - FutMonTime** – фьючерстің баға дәлізінің шекараларын бақылау үшін қолданылатын уақыт, секундпен;
    - FutShift** – фьючерлік шарттың бағалық дәлізін жылжыту өлшемі.

**3-бап.**

**Бекітілетін тәуекел параметрлері**

1. Бекітілетін тәуекел-параметрлерді Комитет осы Әдістемеде белгіленген регламент пен рәсімдерге сәйкес әрбір жеке қаржы құралы үшін белгілейді.
2. Бекітілетін тәуекел-параметрлері негізінде есептік тәуекел-параметрлерді айқындау жүргізіледі.
3. Бекітілген тәуекел параметрлеріне келесі параметрлер жатады:
  - 1) қаржы құралдары бойынша концентрация лимиті  $L_{conc}$ ;
  - 2) қаржылық құралдардың нарықтық тәуекелінің минималдық мөлшерлемелері ( $MR_{min}, ConcR_{min}$ );
  - 3) қаржылық құралдардың пайыздық тәуекелінің минималдық мөлшерлемелері ( $MinM_{IR}_{TK}, MinSec_{IR}_{TK}$ );
4. Қаржы құралы бойынша концентрация лимиті клирингілік қатысушының белгілі бір қаржы құралындағы максималдық позицияны бағалауға арналған, ол қаржы құралының бағасына елеулі әсер етпестен тәуекелдерді бағалау көкжиегі ішінде жойылуы мүмкін және қаржы құралының мөлшерінде айқындалатын шаманы білдіреді.
5. Қаржы құралдарының нарықтық тәуекелінің минималдық мөлшерлемелері клирингілік қатысушының несиелік тәуекелді іске асырған жағдайда Клиринг орталығының контрагенттер алдындағы өз міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету үшін қаржы құралдарының құнын соңғысының қайта бағалау мен оларды өткізу уақыты арасындағы кезеңдегі ықтимал бағалық (бағамдық) өзгерістерді жабу мақсатында қаржы құралдарының құнына, оның ішінде қамтамасыз ету ретінде қабылданатын дисконттарды білдіреді.

6. Әрбір жеке қаржы құралы үшін нарықтық тәуекелдің минималдық мөлшерлемелерінің екі деңгейі белгіленеді:
  - 1) бірінші деңгейлі нарықтық тәуекел мөлшерлемесі ретінде бастапқы маржаның минималдық мөлшерлемесі;
  - 2) екінші деңгейлі нарықтық тәуекел мөлшерлемесі ретінде концентрацияның минималдық мөлшерлемесі.
7. Қаржы құралының бастапқы маржасының минималдық мөлшерлемесі осы қаржы құралы бойынша ашылған нетто-позицияның нарықтық тәуекелін бағалау үшін көрсетілген қаржы құралы бойынша белгіленген концентрация лимитінің мәнінен аз көлемде айқындалады.
8. Қаржы құралының концентрациясының минималдық мөлшерлемесі осы қаржы құралы бойынша ашылған нетто-позицияның нарықтық тәуекелін бағалау үшін көрсетілген қаржы құралы бойынша белгіленген шоғырлану лимитінің мәнінен аз көлемде айқындалады.
9. Қаржы құралдарының пайыздық тәуекелінің минималдық мөлшерлемелері тәуекелдерді бағалау көкжиегі ішінде көрсетілген қаржы құралдары бойынша репо / своп мөлшерлемелерінің есептік мөлшерлемелерінің өзгеруінің сенімді ықтималдығының белгіленген деңгейімен мүмкін болатын шамаларды білдіреді және болашақ есеп айырысу күндерімен көрсетілген қаржы құралдары бойынша нетто-позициялардың тәуекелдерін бағалау үшін қолданылады.

### 4-бап.

#### Есептік тәуекел параметрлері

1. Есептік тәуекел-параметрлерді осы әдістемеді, сондай-ақ бағалы қағаздардың есептік бағаларын айқындау әдістемесінде белгіленген алгоритмдер, регламенттер мен рәсімдер негізінде әрбір жеке қаржы құралы үшін уәкілетті бөлімше айқындайды.
2. Есептік тәуекел параметрлеріне келесі параметрлер жатады:
  - 1) қаржылық құралдардың есептік бағалары;
  - 2) қаржылық құралдардың нарықтық тәуекелдерін бағалаудың жоғарғы және төменгі диапазондары;
  - 3) пайыздық тәуекелдерді бағалау диапазонының жоғарғы және төменгі шектері (қорлық және қаржылық нарықтар үшін);
  - 4) баға дәліздерінің жоғарғы және төменгі шекаралары
  - 5) дефолтты реттеу мөлшерлемелері (қаржылық және қорлық нарық үшін).
3. Қаржы құралының есептік бағасы позицияларды қайта бағалау, баға дәлізінің жоғарғы және төменгі шекараларының мәндерін, сондай-ақ нарықтық тәуекелдерді бағалау диапазонының жоғарғы және төменгі шекараларын белгілеу үшін пайдаланылатын қаржы құралының құнын айқындайды.
4. Қаржы құралдарының нарықтық тәуекелдерін бағалау диапазонының жоғарғы және төменгі шекаралары ішінара қамтамасыз етілген сауда-саттық режимдерінде жасалатын мәмілелер бойынша нарықтық тәуекелдерді бағалау үшін пайдаланылатын қаржы құралының баға мәндері интервалының шекараларын білдіреді.
5. Пайыздық тәуекелдерді бағалау диапазонының жоғарғы және төменгі шекаралары ішінара қамтамасыз етілген сауда-саттық режимдерінде жасалған мәмілелер бойынша пайыздық тәуекелді бағалау үшін қолданылатын пайыздық мөлшерлеме мәндерінің аралық шекараларын білдіреді.
6. Баға дәліздерінің жоғарғы және төменгі шекаралары мәмілелер жасасуға арналған атаулы және атаусыз өтінімдердің бағаларын шектеу үшін пайдаланылатын баға мәндері интервалының шекараларын білдіреді.

7. Дефолтты реттеу мөлшерлемелері оларды орындау үшін ақша / қаржы құралдары жеткіліксіз ішінара қамтамасыз етілген режимдерде жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерді реттеу жағдайлары үшін қолданылатын репо мөлшерлемесін / своп мөлшерлемесін білдіреді.
8. Құбылмалылықты бағалау үшін арналған және борыштық бағалы қағаздар бойынша тәуекелдің шектеу мөлшерлемелерін айқындау алгоритмінде пайдаланылатын параметрлер мен белгілер осы Әдістемеге 1-қосымшада белгіленген.
9. Қор нарығының бекітілетін және есептік тәуекел-параметрлерін айқындауға арналған параметрлер мен белгіленулер осы Әдістемеге 2-қосымшада белгіленген.
10. Валюта нарығының бекітілетін және есептік тәуекел-параметрлерін айқындауға арналған параметрлер мен белгіленулер осы Әдістемеге 2-қосымшада белгіленген.
11. Деривативтер нарығының бекітілетін және есептік тәуекел-параметрлерін айқындауға арналған параметрлер мен белгіленулер осы Әдістемеге 2-қосымшада белгіленген.

**5-бап.**

**Баға дәлізі шекарасының ауысуы ерекшеліктері**

1. Қаржы құралдары бойынша баға шекарасының ауысуы баға дәлізін кеңейту үшін арналған.
2. сауда-саттық күні ішінде баға шекарасын автоматты немесе қолмен ауыстыру процедурасы іске асырылуы мүмкін.
3. Баға дәлізінің шекараларын автоматты түрде ауыстыру рәсімі ішінара қамтамасыз етумен сауда-саттық режимінде қаржы құралдары бойынша баға шекараларына ең жақсы баға белгілеулер жақындаған жағдайда жүргізіледі.
4. Баға шекараларын қолмен ауыстыру баға шекараларын автоматты түрде ауыстыру процедурасын жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда ішінара қамтамасыз етумен және толық қамтамасыз етумен қаржы құралдары бойынша баға шекараларын ауыстыру үшін арналған.
5. Шекараларды автоматты түрде ауыстыру рәсімі осы баптың 6-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, шекараны ауыстыру қажеттілігі туралы автоматты сигнал іске қосылған жағдайда әрбір жеке биржалық нарықтың шекараларын ауыстыру ерекшеліктеріне сәйкес жүргізіледі.
6. Клиринг орталығы шекараларды ауыстыру қажеттігі туралы автоматты дабыл іске қосылған кезде нарықтың ағымдағы конъюнктурасында елеулі өзгерістердің жоқтығы немесе өтінімдер мен мәмілелердің репрезентативтік көлемі болмаған жағдайда баға дәлізінің шекарасын және/немесе репо мөлшерлемелері дәлізінің шекарасын өзгеріссіз қалдыру туралы шешім қабылдауға құқылы.
7. Қаржы құралдары бойынша толық қамтамасыз ету бар сауда-саттық режимінде осы баптың 8-тармағында көрсетілген жағдайларда баға шекараларын қолмен ауыстыру жүзеге асырылуы мүмкін.
8. Қажет болған жағдайда Клиринг орталығы сауда-саттық барысында да, сауда-саттық басталғанға дейін де шекараларды қолмен ауыстыру туралы шешім қабылдай алады, оның ішінде:
  - 1) нарықтық конъюктураның, бағалардың елеулі өзгеруі, нарықтың құбылмалылығының артуы туралы ақпарат болған кезде;
  - 2) биржалық және биржадан тыс нарықтардағы қаржы құралдары бағасының елеулі өзгеруі туралы ақпарат болған кезде қандай да бір қаржы құралына немесе қаржы құралдары тобына қатысты маркет-мейкер функцияларын орындаған жағдайда клирингтік қатысушыдан сұрау салу болған кезде;
  - 3) клиенттік тапсырыстың көшірмесін ұсынған жағдайда, толық қамту шарттарында орталық контрагентпен режимдерде жасалатын/берілетін бағалы



қағаздармен мәмілелер/өтінімдер бойынша клиенттік тапсырысты орындаған жағдайда клирингтік қатысушыдан сұраныс болған кезде.

## **2-бөлім. ТӘУЕКЕЛ ПАРАМЕТРЛЕРІН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ**

### **6-бап. Тәуекел параметрлерін анықтаудың жалпы ережелері**

1. Қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін есептеуді және анықтауды Клиринг орталығы ақпараттық жүйелерден алынған с сәйкес биржалық нарықтарда берілген өтінімдер мен жасалған мәмілелер туралы ақпарат негізінде жүргізеді.
2. Оны бағалау үшін деректер жеткіліксіз болуы себебі бойынша тәуекел-параметрлердің мәндерін дұрыс бағалау мүмкін емес болған жағдайда Комитет мұндай қаржы құралы үшін сараптамалық бағалаулар негізінде тәуекел-параметрлерін орнатуға құқылы.
3. Клиринг орталығы қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін есептеуді және айқындауды жүзеге асыратын құжаттар мен ақпараттың құрамын Клиринг орталығы өздігінен айқындайды және клирингтік қатысушылармен және "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) мүшелерімен келісуге жатпайды.
4. Комитет іргелі параметрлерді және бекітілетін тәуекел-параметрлерді осы Әдістемеде қарастырылған тәртіппен уәкілетті бөлімше дайындаған материалдар негізінде бекітеді.
5. Тәуекел параметрлері комитеті бекітетін қаржы құралдарының мәндері, егер басқасы көрсетілмеген болса, үлкен бүтін мәнге дейін дөңгелектенеді.
6. Комитет белгілеген іргелі параметрлердің және бекітілетін тәуекел-параметрлердің мәндері Клиринг орталығының интернет-сайтында жарияланады ([www.kacc.kase.kz](http://www.kacc.kase.kz)).
7. Клиринг ережелеріне сәйкес Комитет белгілі биржа нарықтарында белгілі клирингтік қатысушылар үшін қаржылық құралдардың жекелеген бекітілетін тәуекел-параметрлері орнатылуы мүмкін.
8. Жекелеген бекітілетін тәуекел-параметрлері бұқаралық ақпарат құралдарында сондай-ақ Клиринг орталығының интернет-сайтында жариялауға жатпайды.
9. Жекелеген бекітілетін тәуекел-параметрлерін орнату туралы ақпарат клирингтік қатысушыға дейін жеткізіледі, оған қатысты Клиринг орталығына ресми хат жіберу арқылы жекелеген тәуекел-параметрлері орнатылады.

### **7-бап. Іргелі параметрлерді айқындау және бекіту тәртібі**

1. Іргелі параметрлерді орнату және/немесе қайта қарау туралы шешім қабылдауды Комитет уәкілетті бөлімше дайындаған материалдар негізінде іске асырады.
2. Іргелі параметрлерді орнату келесі жағдайларда іске асырылады:
  - 1) биржалық нарықтың жаңа саласының қаржы құралдарын клирингтік қызмет көрсетуге қабылдау кезінде - базалық іргелі параметрлер үшін;
  - 2) жаңа санаттағы қаржылық құралдарды клирингтік қызмет көрсетуге қабылдау кезінде - техникалық іргелі параметрлер үшін.
3. Іргелі параметрлерді қайта қарау келесі жағдайларда іске асырылады:
  - 1) "Тәуекелдерді басқару саясаты" Клиринг орталығының ішкі құжаттарына сәйкес бекітілген тәуекелдердің максималдық рұқсат етілген көрсеткіштерінің мәндерін біршама өзгерткен кезде - негізгі іргелі параметрлер үшін;

- 2) қаржылық нарықтардың белгілі санаты бойынша нарық конъюнктурасын және/немесе тәуекелдерін бейінін маңызды өзгерткен кезде - техникалық іргелі параметрлер үшін.
4. Комитет уәкілетті бөлімше дайындаған материалдар негізінде қаржы құралы үшін немесе белгілі бір биржалық нарықтың қаржы құралдарының жекелеген тобы үшін және/немесе қаржы құралдарының санаты үшін көрсетілген биржалық нарықтың қаржы құралдары және/немесе қаржы құралының санаты үшін белгіленгеннен өзгеше іргелі параметрлерді белгілеуге құқылы.
5. Іргелі параметрлерді орнату және/немесе қайта қарау мәселесі бойынша материалдарды дайындау барысында уәкілетті бөлімше басқа құрылымды бөлімшелерден оның ойынша материалдарды дайындау үшін қажетті қосымша ақпаратты және құжатты сұрауға құқылы.
6. Іргелі параметрлерді орнату және / немесе қайта қарау мәселесі бойынша материалдар міндетті түрде төмендегілерді қамтуға тиіс:
  - 1) іргелі параметрлерді орнату және/немесе қайта қарау үшін негіздеме;
  - 2) биржалық нарықтар және/немесе қаржы құралының санаты бөлінісіндегі іргелі параметрлердің ұсынылатын мәндері қажет болған кезде қаржы құралының немесе қаржы құралының тобының атауы;
  - 3) іргелі параметрлердің ұсынылатын мәндері бойынша негіздеме.
7. Базалық іргелі параметрлерді орнатқан кезде келесі шектеулер ескеріледі:
  - 1) сенімділік деңгейіне сәйкес келетін ықтималдық тоқсан тоғыз пайыздан кем емес шаманы құрауы тиіс (сенім деңгейін орнату үшін);
  - 2) тарихи кезеңнің мәні соңғы 12 (он екі) күнтізбелік айдан кем болмауы тиіс;
  - 3) бірінші деңгей тәуекелдерін бағалау көкжиегі екі жұмыс күнінен кем болмауы тиіс;
8. Техникалық іргелі параметрлерді орнатқан кезде жекелеген биржа нарықтарында сауда-саттық ерекшеліктері, сондай-ақ көрсетілген параметрлер орнатылатын қаржы құралдарының ерекшеліктері ескеріледі.

### 8-бап.

#### Бекітілетін тәуекел-параметрлерін анықтау және орнату тәртібі

1. қор нарығының қаржылық аспаптар бойынша концентрация шектерін есептеуді орталық контрагенттің өтімділігін басқару үшін жауапты бөлімше іске асырады:
  - 1) жаңа қаржылық құралды ішінара қамтамасыз ету шарттарында орталық контрагентпен мәмілелерге рұқсат етілген қаржылық құралдардың тізіміне (бұдан әрі - Тізім Т+) және/немесе ішінара қамтамасыз етуі бар мәмілелер бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету ретінде ескерілетін қаржылық құралдардың тізіміне (бұдан әрі - Қамтамасыз ету тізімі Т+) жаңа қаржылық құралды қосу мәселелері бойынша материалдарды дайындау кезінде.
  - 2) қаржылық құрал эмитенттерінің өзінің міндеттемелерін орындамаған жағдайлар туындаған кезде немесе қаржылық құрал эмитентінің қаржылық күйінің нашарлауы туралы куәландыратын ақпаратты алған кезде;
  - 3) қор нарығының қаржылық құралын өткізудің біршама өзгеруі туралы куәландыратын ақпарат алған кезде;
  - 4) қаржылық құралдардың бекітілетін тәуекел-параметрлерін тоқсан сайынғы қайта қарау кезінде.
2. Валюта нарығының және деривативтер нарығының қаржы құралдары бойынша концентрация шегінің есебін уәкілетті бөлімше жүргізеді:
  - 1) валюталық нарықтың немесе деривативтер нарығының қаржылық құралын өткізудің біршама өзгеруі туралы куәландыратын ақпарат алған кезде;

- 2) қаржылық құралдардың бекітілетін тәуекел-параметрлерін тоқсан сайынғы қайта қарау кезінде.
3. Қаржылық құралдардың нарықтық тәуекелінің минималдық шектеуші мөлшерлемелерін есептеуді уәкілетті бөлімше жүргізеді:
  - 1) Тізім Т+ және/немесе Қамтамасыз ету тізімі Т+ жаңа қаржылық құралын қосу сұрақтары бойынша материалдарды дайындау кезінде;
  - 2) қаржылық құрал эмитенттерінің өзінің міндеттемелерін орындамаған жағдайлар туындаған кезде немесе қаржылық құрал эмитентінің қаржылық күйінің нашарлауы туралы қуәландыратын ақпаратты алғн кезде;
  - 3) қаржылық құралдар бойынша бекітілген нарықтық тәуекелдің минималдық шектеуші мөлшерлемесінің жеткіліктілігін күнделікті мониторингілеу кезінде;
  - 4) қаржылық құралдардың бекітілетін тәуекел-параметрлерін тоқсан сайынғы қайта қарау кезінде.
4. Қаржылық құралдардың пайыздық тәуекелінің минималдық шектеуші мөлшерлемелерін есептеуді уәкілетті бөлімше жүргізеді:
  - 1) деривативтер нарығы бойынша қаржылық құралдар бойынша бекітілген пайыздық тәуекелдің минималдық шектеуші мөлшерлемесінің жеткіліктілігін күнделікті мониторингілеу кезінде;
  - 2) қаржы нарығының конъюктурасының маңызды өзгеруі туралы қуәландыратын ақпарат бар болған кезде;
  - 3) қаржылық құралдардың бекітілетін тәуекел-параметрлерін тоқсан сайынғы қайта қарау кезінде.
5. Комитеттің бекітілетін тәуекел-параметрлерін орнату немесе қайта қарау туралы шешім қабылдауы уәкілетті бөлімше дайындаған материалдар негізінде іске асырылады:
  - 1) Тізім Т+ және/немесе Қамтамасыз ету тізімі Т+ жаңа қаржылық құралын қосу кезінде;
  - 2) қаржылық құрал эмитенттерінің өзінің міндеттемелерін орындамаған жағдайлар туындаған кезде немесе қаржылық құрал эмитентінің қаржылық күйінің нашарлауы туралы қуәландыратын ақпаратты алғн кезде;
  - 3) биржалық нарықтардың конъюктурасы, қаржы құралдарының бағасы, нарықтардың құбылмалылығы, қаржы құралының құбылмалылығы өзгерген кезде немесе осындай өзгерістерге, қаржы құралдарының өтімділігіне немесе сенімділігіне әсер етуі мүмкін ақпарат болған кезде;
  - 4) қаржылық құралдардың бекітілетін тәуекел-параметрлерін жыл сайынғы қайта қарау кезінде.

### **3-бөлім. ҚҰБЫЛМАЛЫЛЫҚТЫ БАҒАЛАУ**

#### **9-бап.**

#### **Құбылмалылықты бағалау қағидалары**

1. Құбылмалылық сауда-саттық құралы бағаларының өзгергіштік шарасын анықтайды және белгілі бір биржалық нарықтар үшін қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін есептеу үшін пайдаланылатын техникалық параметр болып табылады.
2. Құбылмалылық осы әдістемемен сипатталған және тәуекел-параметрлерін анықтау тәртібімен бекітілген регламент пен процедураға сай белгілі биржалық нарық үшін іргелі параметрлер Комитеті бекіткен алгоритмдер негізінде бағаланады.

3. Құбылмалылықты мерзімді негізде бағалау белгілі бір биржалық нарықтың ерекшеліктеріне, қаржылық құралдың типіне және келесі тәсілдердің біреуін немесе бірнешеуін таңдаудың көрнекілігіне байланысты мынадай тәсілдермен жүргізіледі:
  - 1) стандартты ауытқу әдісімен;
  - 2) экспоненциалдық өлшеу әдісімен (бұдан әрі - EWMA (exponentially weighted moving average));
  - 3) басқа да әдістермен, соның ішінде Refinitiv немесе Bloomberg L.P. халықаралық ақпараттық агенттіктері қолданатын әдістермен, олар Комитеттің сараптамалық пікіріне сәйкес көрсетілген параметрдің мәнін сенімді бағалауға мүмкіндік береді.
4. Егер құбылмалылықты осы баптың 3 тармағында көрсетілген әдістермен есептеген кезде, әртүрлі тәсілдермен алынған мәндерде белгілі биржалық нарықтың, қаржылық құралдар типінің және таңдаманың көрнекілігі ерекшеліктеріне байланысты айырмашылықтар болған жағдайда, қаржылық құралдың есептік бағаларына немесе алынған мәндердің ішіндегі максималды мән немесе тарихи өзгерістерге максималдық корреляциясы бар мәндер қолданылады.
5. Қаржы құралдарының құбылмалылығының есептік мәндері, егер басқасы көрсетілмеген болса, үлкен бүтін мәнге (пайызбен) дейін дөңгелектенеді.
6. Клиринг орталығы Комитеттің шешімі негізінде тәуекел мөлшерлемелерін айқындау кезінде құбылмалылықты бағалау үшін, сондай-ақ оған тәуелді қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін есептеу үшін математикалық статистиканың өзге де әдістерді пайдалануға құқылы.

**10-бап. Құбылмалылықты бағалау әдістері**

1. Белгілі бір тәуекел-параметрлерді есептеу мақсатында пайдаланылатын құбылмалылықты есептеу үшін іріктелімді қалыптастыру Комитет белгілеген сәйкес іргелі параметрлер негізінде жүзеге асырылады.
2. Стандартты ауытқы әдісімен бағалардың құбылмалығы мына формула бойынша есептеледі:

$$Stdev = \sqrt{\frac{\sum_{s=0}^M (\Delta P_T - \bar{\Delta P})^2}{N}}$$

стандартты ауытқы әдісімен құбылмалылықты есептеу үшін ауытқулар таңдамасын қалыптастыру іске асырылады:

– қаржы құралдары үшін мынадай формула бойынша ж

$$\Delta P_T = \max_{T=0, \dots, TRH} \left\{ \left| \frac{P_T - P_{T-1}}{P_{T-1}} \right|; \dots; \left| \frac{P_T - P_{TRH}}{P_{TRH}} \right| \right\}$$

– репо мөлшерлемелері, TONIA индикаторының своп операциялары немесе кірістілік түріндегі өзге де бағалар үшін мынадай формула бойынша:

$$\Delta P_T^* = \max_{T=0, \dots, TRH} \{ |P_T - P_{T-1}|; \dots; |P_T - P_{TRH}| \}$$

3. Экспоненциалдық өлшенген ауытқы әдісі бойынша бағалардың құбылмалылығы (бұдан әрі - EWMA) мына формула бойынша есептеледі:

$$\Sigma_{EWMA\_T} = \sqrt{\left( (1-a_T) \times \sigma_{EWMA\_T-1}^2 + a_T \times \Delta P_T^2 \right)}, \text{ мұнда}$$

сауда-саттық күні үшін өлшеу коэффициенті (Т) мына формула бойынша анықталады:

$$A_T = \begin{cases} a_{\text{верхнее}}, & \text{если } \Delta P_T > \sigma_{EWMA\_T-1} \\ a_{\text{нижнее}}, & \text{если } \Delta P_T \leq \sigma_{EWMA\_T-1} \end{cases}$$

4. Қаржы құралының құбылмалылығы Комитеттің эксперттік пікіріне сәйкес көрсетілген параметрдің мәнін сенімді бағалауға мүмкіндік беретін басқа да әдістермен есептелуі мүмкін.

## 5-бөлім. GG-SPREAD ИНДИКАТИВТІК КӨРСЕТКІШТЕРІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК МБҚ КІРІСТІЛІК ҚИСЫҚТАРЫН ҚҰРУ

### 11-бап. шет елдік бағалы қағаздардың кірістілік қисықтарын құру

1. Номиналдың әрбір валютасы үшін шет елдік мемлекеттік бағалы қағаздардың есептік индикативтік табыстылығын анықтау үшін (бұдан әрі - номинал валютасының индикативтік КБД) шет ел валютасы эмитентінің уәкілетті мемлекеттік органының ресми сайтында немесе кірістілік қисықтарын құрған сәтте сыртқы ақпараттық көздерде жарияланған кірістілік мөлшерлемелері пайдаланылады.
2. Номинал валютасының есептік индикативтік ККҚ құру Клиринг орталығының "Орталық контрагентпен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру регламенті" атты ішкі құжатына сәйкес белгіленген қор нарығындағы екінші есептік – клирингтік сессияның басталу уақытынан кешіктірмей әрбір жұмыс күні жүзеге асырылады. Есептелген индикативтік кірістілік келесі қайта есептеуге дейін қолданылады.
3. Номинал валютасының индикативтік ККҚ құру үшін Нельсон-Зигельдің параметрлік моделін қолдана отырып, жуықтау әдісі қолданылады, ол кірістілік мәндерінің параметрлерін белгіленген өтеу мерзіміне интерполяциялау арқылы жасалады.
4. Осы баптың 3 тармағында көрсетілген Нельсон-Зигельдің СПОТ функциясы мынадай түрге ие:

$$z_{(m,b)} = \beta_0 + (\beta_1 + \beta_2) \frac{\tau}{m} \left[ 1 - \exp\left(-\frac{m}{\tau}\right) \right] - \beta_2 \exp\left(-\frac{m}{\tau}\right), \text{ мұнда}$$

$z_{(m,b)}$  – Әрбір мерзім үшін кірістіліктің индикативтік есептік мөлшерлемесі өтегенге дейін күнмен;

$\beta_0, \beta_1, \beta_2, \tau$  – Нельсон-Зигель модельінің параметрлері;

5. орташа квадраттық қателіктің сомасын минималдандыру жалпыландырылған келтірілген градиент әдісімен жүргізіледі.

## 6-бөлім ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

### 12-бап туынды қаржы құралдарының есептік бағаларын айқындау

1. ағымдағы клирингтік күннің соңындағы туынды қаржы құралының есептік бағасы туынды қаржылық құралдардың базалық активі бойынша сауда сессияларын аяқтау қорытындылары бойынша қор және/немесе валюталық нарықтардан алынған деректердің негізінде және сыртқы ақпараттық жүйелерден алынған деректер негізінде есептеледі.
2. Базалық активі акция болып табылатын туынды қаржы құралының есептік бағасы осындай туынды қаржы құралын орындаудың әрбір мерзімі үшін ағымдағы клирингтік күннің соңында мынадай алгоритм бойынша анықталады:
  - 1) бағалы қағаздардың есептік бағасын анықтау әдістемесіне сәйкес туынды қаржылық құралдың базалық активі болып табылатын акциялардың есептік бағасы айқындалады;
  - 2) сыртқы ақпарат көздерінің деректері бойынша туынды қаржы құралының базалық активі болып табылатын акция бойынша алдағы дивидендтерді төлеу

туралы ақпарат жинау жүзеге асырылады және туынды қаржы құралының есептесу бағасын анықтау күніне келтірілген дивидендтердің құны анықталады:

$$P_{divT} = Div \times \exp(Z(m, b, Curr) \times \frac{T_{fix-2} - T}{365});$$

- 3) базалық активтің таза есептік бағасы келесі формула бойынша анықталады

$$P_{clearT} = \begin{cases} P_T, & \text{если } T_{expir} < T_{fix-2}; \\ P_T - P_{divT}, & \text{если } T_{expir} \geq T_{fix-2}. \end{cases}$$

- 4) осы тармақтың 1)-3) тармақшаларына сәйкес алынған деректерді ескере отырып, базалық активі акция болып табылатын, туынды қаржы құралының есеп айырысу күніндегі осындай туынды қаржы құралын орындаудың әрбір мерзімі үшін есептесу бағасы анықталады:

$$P_{futT} = P_{clearT} \times \exp(Z(m, b, Curr) \times \frac{T_{expir} - T}{365}).$$

3. Базалық активі KASE индексі болып табылатын туынды қаржы құралының ағымдағы клирингтік күннің соңындағы осындай туынды қаржы құралының әрбір орындалу мерзімі үшін есептік бағасы Биржаның "Қор нарығының индикаторларын есептеу әдістемесі" (бұдан әрі – Қор нарығының индикаторларын есептеу әдістемесі) атты ішкі құжатында сипатталған KASE индексі есептеу алгоритміне сәйкес анықталады, бұл ретте:

- KASE индексі есептеу үшін пайдаланылатын і-лік атаудағы акциялар бойынша жабылу бағасы ( $P_i$ ) ( $P_{futT}$ ) ретінде базалық активі і-лік атаудағы акция болып табылатын туынды қаржы құралының, осы баптың 2 тармағында сипатталған алгоритмге сәйкес T күніне анықталған, есептік бағасы пайдаланылады;
- і-лік атаудағы акцияның есептесу бағасы ( $P_T$ ) ретінде, есеп айырысу күніндегі KASE индексі есептеуде қолданылатын, і-лік атаудағы акция бойынша жабылу бағасы ( $P_i$ ) пайдаланылады.

4. Базалық активі шет елдік валютаның теңгеге курсы болып табылатын туынды қаржы құралының есептік бағасы осындай туынды қаржы құралын орындаудың әрбір мерзімі үшін ағымдағы клирингтік күннің соңында мынадай формула бойынша анықталады:

$$P_{futT} = \text{CentralRate}_{Curr} \times \exp(\text{SwapCurr}_{T/T_{expir}} \times \frac{T_{expir} - T}{365}).$$

5. Базалық активі сауда -саттық қор және /немесе валюта нарығында іске асырылмайтын қаржылық құрал болып табылатын туынды қаржылық құралдың есептік бағасы ағымдағы клирингтік күннің осындай туынды қаржылық құралының орындалуының әрбір мерзімі үшін келесі алгоритм бойынша айқындалады:

- 1) SpotPrice базалық активінің құнының спреді және орындау мерзімі бойынша жақын сыртқы ақпараттық жүйелерден алынған осы базалық активке туынды қаржы құралдарының бағаларын есептеу күніне пайызбен  $T_{expir}$  формула бойынша айқындалады:

$$F\_Spread = \begin{cases} \frac{\frac{\ln \frac{P_{futT-}}{SpotPrice}}{T-} - \frac{\ln \frac{P_{futT+}}{SpotPrice}}{T+}}{T- - T+} \times \frac{T_{expir} - T}{365} + \frac{\ln \frac{P_{futT+}}{SpotPrice}}{T+} - \frac{\frac{\ln \frac{P_{futT-}}{SpotPrice}}{T-} - \frac{\ln \frac{P_{futT+}}{SpotPrice}}{T+}}{T- - T+}}, & \text{если } T_- < T_{expir} < T_+ \\ \frac{\ln \frac{P_{futTn}}{SpotPrice} \times 100}{Tn}, & \text{если } T_{expir} < T_- \text{ или } T_+ < T_{expir} \end{cases}.$$

- 2) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес алынған деректерді ескере отырып, базалық активі сауда-саттық қорлық және/немесе валюталық нарықта осындай туынды қаржы құралын есептесу күніне орындаудың әрбір мерзімі үшін іске асырылатын қаржы құралы болып табылатын туынды қаржылық құралдың есептік бағасы анықталады:

$$P_{\text{fut}_T} = \text{SpotPrice} \times \exp\left(\frac{F\_Spread}{100} \times \frac{T_{\text{expir}} - T}{365}\right).$$

6. Нарықтық және пайыздық тәуекелдерді бағалау диапазонының шекараларын, туынды қаржы құралының баға дәлізінің (NUM) шекараларын айқындау үшін туынды қаржы құралының есептік бағасының мөлшеріне келтірілген туынды қаржы құралының базалық активінің (БА) есептік бағасы қосымша пайдаланылады, ол төмендегі формула бойынша есептеледі:

$$P_{\text{Norm T}}(\text{БА, Num}) = \max(\text{abs}(P_T(\text{БА})); \min P_T(\text{БА})) \times \frac{\text{MinSP}(\text{БА})}{\text{MinS}(\text{БА})} \times \frac{\text{MinS}(\text{БА, Num}) \times \text{Lot}(\text{БА, Num})}{\text{MinSP}(\text{БА, Num})}$$

**13-бап**

**Туынды қаржы құралдары үшін нарықтық және пайыздық тәуекелдердің шектеуші мөлшерлемелерін, туынды қаржы құралының концентрация шегін айқындау**

1. Туынды қаржы құралының бастапқы маржасының минималдық мөлшерлемесі қорлық және/немесе валюталық нарықтағы осындай туынды қаржы құралының базалық активінің бастапқы маржасының минималдық мөлшерлемесі негізінде айқындалады немесе мына формула бойынша есептеледі:

$$Mr_{\min} = \alpha \times \sigma$$

2. Туынды қаржы құралының базалық активі бағасының ең жоғары салыстырмалы ауытқуының құбылмалылығын бағалауды жүзеге асыру кезінде деректер жеткіліксіз болған немесе олардың репрезентативтілігі болмаған жағдайда туынды қаржы құралының бастапқы маржасының минималды мөлшерлемесі комитеттің сарапшылық пікіріне сәйкес көрсетілген параметрдің мәнін дұрыс бағалауға мүмкіндік беретін өзге де әдістерге сәйкес есептеледі.

3. Туынды қаржы құралы шоғырлануының минималды мөлшерлемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{ConcR}_{\min} = MR_{\min} \times \sqrt{\frac{T_{\text{Likv}}}{T_{\text{RH}}}}$$

4. Туынды қаржы құралының пайыздық тәуекелінің минималды өсу/төмендеу мөлшерлемесі күнделікті негізде есептеледі.

5. Әрбір негізгі мерзім үшін туынды қаржы құралының пайыздық тәуекелінің минималды өсу/төмендеу мөлшерлемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{MinM}_{\text{IR}_{\text{Tk}}} = \alpha \times \sigma$$

6. Базалық активі акция және (немесе) шетел валютасының теңгеге шаққандағы бағамы болып табылатын туынды қаржы құралының шоғырлану шектелімі базалық активтің шоғырлану шектеліміне тең болып анықталады.

7. Базалық активі KASE индексі болып табылатын туынды қаржы құралының шоғырлану шектелімі мынадай формула бойынша анықталады:

$$L_{\text{conckASE}} = \sum_{i=1}^n (L_{\text{conci}} * \bar{R}_i)$$

8. Сауда-саттығы қор және/немесе валюталық нарықта іске асырылмайтын, базалық активі қаржы құралы болып табылатын туынды қаржы құралының шоғырлану шектелімін есептеуді орталық контрагенттің өтімділігін басқару үшін жауапты бөлімше іске асырады.

9. Комитет сауда-саттық барысында да, сауда-саттық басталғанға дейін де нарықтық конъюнктураның біршама өзгеруі, нарықтық құбылмалылықтың жоғарылауы немесе өзге де нарықтық факторлар туралы ақпарат болған кезде осы Әдістемеге сәйкес айқындалатын мәндерден өзгеше нарықтық және пайыздық тәуекелдердің шектеуші мөлшерлемелерін, нарықтық және пайыздық тәуекелдердің шектеуші мөлшерлемелерін белгілеу туралы шешім қабылдауға құқылы.



**14-бап**

**Нарықтық және пайыздық тәуекелдерді бағалау диапазонының шекараларын, туынды қаржы құралының баға дәлізінің шекараларын анықтау**

1. Ішінара қамтамасыз ету арқылы сауда-саттық режимдерінде жасалатын мәмілелер бойынша нарықтық тәуекелдерді бағалау кезінде, шоғырлану шектеліміне байланысты нарықтық тәуекелдерді бағалау диапазоны шекараларының екі деңгейі анықталады

2. Туынды қаржы құралының (NUM) бірінші және (немесе) екінші деңгейдегі нарықтық тәуекелдерін базалық активке (БА) бағалау диапазонының жоғарғы шекарасы келесі формула бойынша анықталады:

$$PH\_1(БА, Num) = CP_{fut_T}(БА, Num) + MR_{cur}(БА) \times abs(P_{Norm\_T}(БА, Num))$$

$$PH\_2(БА, Num) = P_{fut_T}(БА, Num) + ConcR_{cur}(БА) \times abs(P_{Norm\_T}(БА, Num)).$$

3. Туынды қаржы құралының (NUM) бірінші және (немесе) екінші деңгейдегі нарықтық тәуекелдерін базалық активке (БА) бағалау диапазонының төменгі шекарасы келесі формула бойынша анықталады:

$$PL\_1(БА, Num) = P_{fut_T}(БА, Num) - MR_{cur}(БА) \times abs(P_{Norm\_T}(БА, Num))$$

$$PL\_2(БА, Num) = CP_{fut_T}(БА, Num) - ConcR_{cur}(БА) \times abs(P_{Norm\_T}(БА, Num)).$$

4. Туынды қаржы құралының (NUM) пайыздық тәуекелдерін базалық активке (БА) бағалау диапазонының жоғарғы шекарасы келесі формула бойынша анықталады:

$$H\_IR(БА, Num) = U\_IR_{cur}(БА, Num).$$

5. Туынды қаржы құралының (NUM) пайыздық тәуекелдерін базалық активке (БА) бағалау диапазонының төменгі шекарасы келесі формула бойынша анықталады:

$$L\_IR(БА, Num) = -D\_IR_{cur}(БА, Num).$$

6. Туынды қаржы құралының (NUM) баға дәлізінің базалық активке (БА) жоғарғы шекарасы келесі формула бойынша анықталады:

$$PcH_{fut}(БА, Num) = P_{fut_T}(БА, Num) + \frac{1}{2} \times F_R(БА, Num) \times RR(БА, Num).$$

7. Туынды қаржы құралының (NUM) баға дәлізінің базалық активке (БА) төменгі шекарасы келесі формула бойынша анықталады:

$$PcL_{fut}(БА, Num) = P_{fut_T}(БА, Num) - \frac{1}{2} \times F_R(БА, Num) \times RR(БА, Num).$$

8. Базалық активке (БА) туынды қаржы құралының (NUM) баға дәлізінің жоғары және төменгі шектері үшін тәуекелдерді есептеу ортасының ауытқу тәуекелдерінің диапазон шекаралары мына формула бойынша анықталады:

$$RR(БА, Num) = (RB(БА, Num)) \times \exp(U\_IR_{cur}(БА, Num) \times \tau(Num) \times \text{sign}(RB(БА, Num))) - (LB(БА, Num)) \times \exp(-D\_IR_{cur}(БА, Num) \times \tau(Num) \times \text{sign}(LB(БА, Num))).$$

9. Төмендегі формула бойынша анықталған туынды қаржы құралының бірінші және/немесе екінші деңгейінің баға дәлізінің жоғарғы шекаралары үшін тәуекелдерді есептеу ортасынан ауытқуы:

$$RB\_1(БА, Num) = CP_{fut_T}(БА, Num) + P_{Norm\_T}(БА, Num) \times MR_{cur}(БА)$$

$$RB\_2(БА, Num) = CP_{fut_T}(БА, Num) + P_{Norm\_T}(БА, Num) \times ConcR_{cur}(БА).$$

10. Төмендегі формула бойынша анықталған туынды қаржы құралының бірінші және/немесе екінші деңгейінің баға дәлізінің төменгі шекаралары үшін тәуекелдерді есептеу ортасынан ауытқуы:

$$LB\_1(БА, Num) = CP_{fut_T}(БА, Num) - P_{Norm\_T}(БА, Num) \times MR_{cur}(БА)$$

$$LB\_2(BA, Num) = CP_{futT}(BA, Num) - P_{NormT}(BA, Num) \times ConcR_{cur}(BA).$$

11. Базалық актив (BA) бойынша белгіленген NegativePrices = "N" оң мәндері шегінде туынды қаржы құралының баға дәлізінің шекарасын шектеу белгісі кезінде базалық активке (BA) туынды қаржы құралының баға дәлізінің (NUM) төменгі шекарасы мынадай формула бойынша анықталады:

$$PcL_{fut}(BA, Num) = \max(PcL_{fut}(BA, Num); MinS(BA, Num)).$$

12. Баға дәлізінің төменгі шекарасы туынды қаржы құралы бағасының минималды өзгеруіне тең болатын шектеу кезінде осы туынды қаржы құралының төменгі баға шекарасын одан әрі кеңейту және мониторингілеу жүргізілмейді.
13. Осы базалық актив бойынша қалған туынды қаржы құралдарының жоғары және төменгі баға шекараларының мониторингі мен жылжуы жүзеге асырылуын жалғастырылады

**15-бап**

**Баға дәлізінің, нарықтық тәуекелдерді және туынды қаржы құралдарының пайыздық тәуекелдерін бағалау диапазонының ерекшеліктері**

1. Барлық туынды қаржы құралдары (NUM) үшін нарықтық тәуекелдерді бағалау диапазонының жоғарғы / төменгі шекарасын базалық активке (BA) ауыстыру бір мезгілде келесі шарттарда жүзеге асырылады:

- баға дәлізінің жоғарғы / төменгі шекарасынан ерекшеленетін бағасы бар, шекті мәннен аспайтын, осы туынды қаржы құралын сатып алу / сату өтінімін тіркеген сәттен бастап FutMonTimeDay (BA) уақытының берілген кезеңі ішінде деривативтер нарығының сауда-саттық жүйесінде үздіксіз секундтар болуы  $FutMonRange(BA) \times \frac{1}{2} \times FR(BA, Num) \times RR(BA, Num)$ ;
- нарықтық тәуекелді бағалау диапазонының жоғарғы / төменгі шекараларының жасалған жылжытулардың саны AutoShiftNumMR(BA) кем;
- BoundsWdn(BA) белгісінің мәні осы базалық активке "Y" деп белгіленген.

2. Осы баптың 1 тармағының шарттары базалық активке (BA) осы туынды қаржы құралы бойынша сауда-саттық сессиясының кезеңі ішінде туынды қаржы құралының дәл сол маманданым негізінде сатылатын, дәл сол базалық активі (BA) бар барлық туынды қаржы құралдары бойынша Биржада сауда-саттық 15 (он бес) минуттан аспайтын мерзімге тоқтатыла тұрады.

3. Баға шекарасын жылжыту кезінде нарықтық тәуекел мөлшерлемелерінің ағымдағы мәнін қайта есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$MR_{cur}(BA)_{new} = MR_{cur}(BA) + 0.5 \times FutShift(BA) \times Mrmin(BA).$$

4. Нарықтық тәуекелдерді бағалау диапазонының жоғарғы шекарасын жылжыту кезінде тәуекелдерді есептеу ортасы анықталады:

$$CP_{futT}(BA, Num, new) = CP_{futT}(BA, Num) + 0.5 \times FutShift(BA) \times Mrmin(BA) \times P_{NormT}(BA, Num).$$

5. Нарықтық тәуекелдерді бағалау диапазонының төменгі шекарасын жылжыту кезінде тәуекелдерді есептеу ортасы анықталады:

$$CP_{futT}(BA, Num, new) = CP_{futT}(BA, Num) - 0.5 \times FutShift(BA) \times Mrmin(BA) \times P_{NormT}(BA, Num).$$

6. Базалық активке (BA) әрбір туынды қаржы құралы (NUM) үшін қайта есептелген туынды қаржы құралы (NUM) тәуекелдерін есептеу ортасын ескере отырып, базалық активке (BA) осы Әдістеменің 16 бабының 11 тармағында сипатталған алгоритмге сәйкес туынды  $RR(BA, Num, new)$  қаржы құралының баға дәлізінің жоғарғы және төменгі шекарасы үшін тәуекелдерді есептеу ортасынан ауытқу тәуекелдері диапазонының шекарасы қайта есептеледі

7. Туынды қаржы құралының (NUM) баға дәлізінің базалық активке (БА) жоғарғы шекарасы келесі формула бойынша қайта есептеледі:  
$$PcH_{fut}(BA, Num, new) = PcH_{fut}(BA, Num) + (RR(BA, Num, new) - RR(BA, Num)).$$
8. Туынды қаржы құралының (NUM) баға дәлізінің базалық активке (БА) төменгі шекарасы келесі формула бойынша қайта есептеледі:  
$$PcH_{fut}(BA, Num, new) = PcH_{fut}(BA, Num) - (RR(BA, Num, new) - RR(BA, Num)).$$
9. Базалық актив (БА) бойынша белгіленген NegativePrices = "N" оң мәндері шегінде фьючерстік келісімшарттың баға дәлізінің шекарасын шектеу белгісі кезінде базалық активке (БА) туынды қаржы құралының баға дәлізінің (NUM) төменгі шекарасы мынадай формула бойынша анықталады:  
$$PcL_{fut}(BA, Num, new) = \max(PcL_{fut}(BA, Num, new); \text{MinS}(BA, Num)).$$
10. Баға дәлізінің төменгі шекарасы туынды қаржы құралы бағасының минималды өзгеруіне тең болатын шектеу кезінде осы туынды қаржы құралының төменгі баға шекарасын одан әрі кеңейту және мониторингілеу жүргізілмейді.
11. Осы базалық актив бойынша қалған фьючерстік келісімшарттардың жоғары және төменгі баға шекараларының мониторингі мен жылжуы жүзеге асырылуын жалғастырылады

## 7-бөлім ҚОР НАРЫҒЫ

### 16-бап

#### Қор нарығының қаржы құралдарының есептік бағаларын анықтау:

1. Бағалы қағаздардың есептік құнын анықтау бағалы қағаздардың есептік бағаларын айқындау әдістемесіне сәйкес іске асырылады, бұл ретте есептік баға ретінде қолданылады:
  - 1) акциялар, депозитарлық колхаттар мен инвестициялық және пай қорларының бағалы қағаздары үшін, сондай-ақ "таза емес бағалармен" саудаланатын облигациялар үшін - қазақстандық теңгемен көрсетілген баға;
  - 2) "таза бағалармен" саудаланатын облигациялар үшін - осы баптың 4-тармағында қарастырылған ерекшеліктерді ескере отырып, облигациялардың номиналдық құнынан пайызбен көрсетілген баға.
2. "Репо қоржыны" түріндегі қаржылық құралдың есептік бағасы (бұдан әрі - репо қоржыны) 1 қазақстандық теңгеге тең болып белгіленеді.
3. Клирингілік қатысу сертификатының есептік бағасы клирингілік қатысу сертификатының номиналды құнына тең және 1 қазақстандық теңгеге тең болып белгіленеді.
4. Осы Әдістеменің мақсаттары үшін облигациялардың тәуекел-параметрлерін анықтау кезінде бағалы қағаздардың есептік бағасын айқындау әдістемесіне сәйкес анықталған есептесу бағасы номиналдан пайызбен, қазақстандық теңгемен келесі формулаға сәйкес қайта есептеледі:

$$P_T = \frac{P_{stlmtnt_T}}{100} \times \text{FaceVal}_{\text{Curr}} \times \text{RateBase}_{\text{Curr}} + \text{HKD}_{T+1} \times \text{RateNB}_{\text{CurrT}}.$$

Облигация осы Әдістемеге сәйкес базалық бағамды есептеуді жүзеге асырмайтын валютада номинацияланған болса, онда облигацияның номиналды құнын қазақстандық теңгеге қайта есептеу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің көрсетілген шетел валютасы үшін белгіленген ресми бағамы бойынша облигацияның есептік бағасы анықталған күннен кейінгі сауда-саттық күніндегі жағдай бойынша жүзеге асырылады.

5. Акциялардың есептік бағаларының мәндерін дөңгелектеу разрядқа дейін жүзеге асырылады:

$$\text{Rank}=\text{ceiling}(\log_{10}(\text{LotSize}))+2.$$

6. Облигациялардың есептік бағасының мәндерін, сондай-ақ облигациялар бойынша жинақталған купондық кірісті дөңгелектеу разрядқа дейін жүзеге асырылады:

$$\text{Rank}=\max \{ \text{ceiling}[\log_{10}(\text{LotSize})]+2 ; 6-\text{ceiling}[\log_{10}(\text{FaceVal}_{\text{Curr}})] \}.$$

7. Бағалы қағаздарды бағалау әдістемесіне сәйкес осындай облигация кіретін облигациялар тобы үшін анықталатын Z-спредті пайдалану негізінде анықталатын белгілі бір атаудағы облигацияның есептесу бағасын анықтау мақсатында облигациялар топтарының құрамын анықталады.
8. Облигациялар топтарының құрамы номинал валютасын және облигация эмитентін ескере отырып анықталады.
9. Қандай да бір атаудағы облигацияны облигациялардың белгілі бір тобына енгізу келесі қағидаттарды сақтай отырып жүзеге асырылады:
- 1) облигациялардың бір Тобының құрамына бір валютада номинацияланған бір эмитенттің облигациялары қосылады;
  - 2) облигациялардың бір Тобының құрамына бағалы қағаздар эмитентінің тәуекел деңгейін бағалау негізінде Клиринг орталығының "Бағалы қағаздар эмитенттерінің тәуекел деңгейін бағалау әдістемесі" атты ішкі құжатына (бұдан әрі – Эмитенттерді бағалау әдістемесі) сәйкес топтарға бөлінген бағалы қағаздардың бір тобында осындай облигациялар болған жағдайда, әртүрлі эмитенттердің облигацияларын енгізуге жол беріледі.
10. Әр түрлі эмитенттердің облигацияларын облигациялардың бір Тобының құрамына енгізген кезде облигациялар Тобын қайта қарау мерзімділігі эмитенттерді бағалау әдістемесіне сәйкес бағалы қағаздар эмитентінің тәуекел деңгейін бағалау негізінде бағалы қағаздарды топтар бойынша қайта бөлу кезеңділігіне сәйкес келеді.
11. Эмитент шығарған, облигациялары номинациялау валютасын ескере отырып, облигациялардың белгілі бір Тобына/Топтарына енгізілген жаңа атаудағы облигациялар сауда-саттыққа жіберілген жағдайда, мұндай облигация Комитеттің тиісті шешім қабылдамай-ақ, осы эмитенттің тиісті номинациялау валютасымен облигациялары бар облигациялар тобына енгізіледі.
12. Қандай да бір атаудағы облигация өтелген жағдайда немесе қандай да бір атаудағы облигация Биржада айналымға жіберілген бағалы қағаздар тізімінен шығарылған кезде аталған облигация облигациялардың белгілі бір Тобынан шығарылады.

## **17-бап**

### **Нарықтық және пайыздық тәуекелдердің ставкаларын анықтаудың негізгі принциптері**

1. Бағалы қағаздың бастапқы маржа мөлшерлемесі және шоғырлану мөлшерлемесі бағалы қағаз бағасының өзгеру тәуекелімен байланысты нарықтық тәуекелді бағалау үшін анықталады. Бағалы қағазға арналған бастапқы маржа мөлшерлемесі осы бағалы қағаз бойынша нетто-позицияның нарықтық тәуекелін осы бағалы қағаз бойынша белгіленген шоғырлану шегінің мәнінен төмен бағалау үшін анықталады. Бағалы қағаз үшін белгіленген шоғырлану шектелімінің мәнінен төмен нетто-жайғасымның мөлшерін мәжбүрлеп жою, осы бағалы қағаздың бағасына елеулі әсер етпестен  $T_{RH}$  (Комитет белгілеген іргелі параметрдің мәнімен анықталатын тәуекелдерді бағалау көкжиегі) қысқа мерзімде жойылуы мүмкін деп болжанады.

Бағалы қағазға арналған концентрация мөлшерлемесі осы бағалы қағаз бойынша нетто-позицияның нарықтық тәуекелін осы бағалы қағаз бойынша белгіленген шоғырлану шегінің мәнінен жоғары бағалау үшін анықталады. Бағалы қағаз үшін белгіленген шоғырлану шектелімінің мәнінен жоғары нетто-жайғасымның мөлшерін мәжбүрлеп жою, осы бағалы қағаздың бағасына елеулі әсер етпестен,  $T_{Liq}$

(Комитет белгілеген іргелі параметрдің мәнімен анықталатын тәуекелдерді бағалау көкжиегі) неғұрлым ұзақ кезеңі үшін жойылуы мүмкін деп болжанады.

Бағалы қағаздың пайыздық тәуекелінің мөлшерлемесі осы бағалы қағаз бойынша репо мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелімен байланысты пайыздық тәуекелді бағалау үшін анықталады және болашақ есептік күндері бар бағалы қағаз бойынша нетто-жайғасымдар үшін қолданылады.

2. T + тізіміне кіретін әрбір бағалы қағаз үшін бастапқы маржа мөлшерлемесі, шоғырлану мөлшерлемесі, пайыздық тәуекел мөлшерлемесі есептеледі.

Орталық контрагентпен жартылай қамтамасыз ету шарттарында жасалатын/берілетін осындай бағалы қағаздармен мәмілелер/өтінімдер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге қойылатын талаптардың мөлшері көрсетілген мөлшерлемелер, сондай-ақ осы Әдістемеге сәйкес анықталатын өзге де тәуекел-параметрлер ескеріле отырып анықталады.

3. T+ тізіміндегі әрбір бағалы қағаз үшін нарықтық тәуекелдің шектеу мөлшерлемелері: бастапқы маржаның ең төменгі және ең жоғары мөлшерлемелері және шоғырлану мөлшерлемелері, сондай-ақ пайыздық тәуекелдің шектеу мөлшерлемелері: Комитет мерзімді негізде белгілейтін, бекітілетін тәуекел-параметрлер болып табылатын пайыздық тәуекелдің ең төменгі мөлшерлемелері (пайыздық тәуекелдің төмендеу мөлшерлемесі және пайыздық тәуекелдің өсу мөлшерлемесі) белгіленеді.

4. Қор нарығының тәуекел параметрлерін есептеу кезіндегі алгоритмдер және параметрлер (бағалы қағаздардың есептік бағасын және репо операцияларының есептік мөлшерлемелерін қоспағанда):

- 1) акциялар үшін сипатталғандар депозитарлық қолхаттар мен инвестициялық және пай қорларының бағалы қағаздары үшін, сондай-ақ "таза емес бағалармен" саудаланатын борыштық бағалы қағаздар үшін де қолданылады;
- 2) облигациялар үшін сипатталғандар "таза бағалармен" саудаланатын борыштық бағалы қағаздар үшін қолданылады (егер өзгесі көрсетілмесе)

5. Толық қамту шарттарында орталық контрагентпен режимдерде жасалатын/берілетін бағалы қағаздармен мәмілелер / өтінімдер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге қойылатын талаптардың мөлшері клиринг ережелеріне сәйкес есептеледі.

6. T+ тізіміне кірмейтін әрбір бағалы қағаз үшін бастапқы маржаның шектеуші максималды және минималды мөлшерлемелері және 100 % деңгейіндегі шоғырлану мөлшерлемелері белгіленеді.

7. Қатысудың клирингілік сертификаттары бойынша бастапқы маржаның шекті максималды және минималды мөлшерлемелері мен шоғырлану мөлшерлемелері нөлге тең болып белгіленеді

8. Негізгі мерзімдер арасына келетін күндерге пайыздық тәуекел мөлшерлемелерінің мәндері линиялық интерполяция әдісімен анықталады (интерполяция үшін жылдық пайызбен көрсетілген, шамалар пайдаланылады).

9. Негізгі максималды мерзімнен кейін келетін күндерге пайыздық тәуекел мөлшерлемелерінің мәндері негізгі максималды мерзімнің пайыздық тәуекел мөлшерлемелеріне тең.

10. Клиринг орталығы олар бойынша орталық контрагент қызметін атқаратын, бағалы қағаздармен мәмілелер жасау үшін, нарықтық және пайыздық тәуекел мөлшерлемелері, нарықтық және пайыздық тәуекелдің шектеу мөлшерлемелері қолданылады.

11. "Репо қоржыны" виртуалды қаржы құралымен орталық контрагентпен репо операциялары бойынша өтінімдер беру немесе мәмілелер жасасу нәтижесінде

туындайтын нетто-міндеттемелерді жартылай қамтамасыз етудің жеткіліктілігін бақылауды жүзеге асыру кезінде келесідей тәуекел-параметрлер қолданылады:

- 1) өтінім "Ақша тарту" бағытымен берілген кезде репо операциясының заты ретінде таңдалатын және осы Әдістемеге сәйкес есептелген бағалы қағаздың тәуекел-параметрлері пайдаланылады;
  - 2) өтінім "Ақшаны орналастыру" бағытымен берілген кезде осы Әдістемеге сәйкес есептелген репо қоржынының тәуекел-параметрлері пайдаланылады;
  - 3) мәмілені есепке алу кезінде репо операциясының заты болып табылатын бағалы қағаздың тәуекел-параметрлері пайдаланылады.
12. Комитет сауда-саттық барысында да, сауда-саттық басталғанға дейін де нарықтық конъюнктураның біршама өзгеруі, нарықтық құбылмалылықтың жоғарылауы, бағалы қағаздардың эмитенттері туралы алынған теріс мәліметтер немесе өзге де нарықтық факторлар туралы ақпарат болған кезде осы Әдістемеге сәйкес айқындалатын мәндерден өзгеше нарықтық және пайыздық тәуекелдердің шектеуші мөлшерлемелерін белгілеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

### 18-бап

#### Нарықтық және пайыздық тәуекелдің шекті мөлшерлемелерін анықтау

1. Бастапқы маржаның минималды мөлшерлемесін анықтау алгоритмі:
    - 1) бастапқы маржа мөлшерлемесі қаржы құралдары бағасының максималдық ауытқуы ретінде айқындалады;
    - 2) бастапқы маржаның мөлшерлемесін есептеу үшін қаржы құралдары келесі топтарға құрылады:
      - борыштық бағалы қағаздар;
      - борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, басқа да қаржы құралдары (бұдан әрі - басқа да қаржы құралдары);
    - 3) қаржы құралдары бойынша осы тармақтың 2)-тармақшасында көрсетілген қаржы құралдары топтарының әрқайсысында:
      - "борыштық бағалы қағаздар" тобы бойынша – жинақталған купондық табысты есепке ала отырып, жинақталған купондық табысты есепке алмағанда- "өзге қаржы құралдары" тобы бойынша 1 жыл кезеңінде теңгемен көрсетілген есептік бағалардың және/немесе нарықтық бағалардың және/немесе индикативтік бағалардың таңдамасы қалыптастырылады;
      - екі күндік баға ауытқуларының мәнін есептеу жүргізіледі;
    - 4) осы тармақта белгіленген мерзімділік диапазондары (өтеуге дейінгі мерзімдер) бөлінісінде "борыштық бағалы қағаздар" тобы бойынша қаржы құралдары келесі параметрлер бойынша кіші топтарға топтастырылады:
      - купондық мөлшерлеме индексациясы әдісі бойынша;
      - индексация мүмкіндігі бойынша;
      - ресми тізім секторы бойынша;
      - купондық мөлшерлеме түрі бойынша;
      - сыйлықақы төлеу бойынша;
      - шығару валютасы немесе котирлеу валютасы бойынша;
      - Standard & Poor's немесе Moody's Investors Service немесе Fitch (бұдан әрі - кредиттік рейтинг) рейтингтік агенттігі берген борышкерлік бағалы қағаз эмитентінің кредиттік рейтингі бойынша.
- Мерзімділіктің келесі диапазондары қолданылады:

- өтеуге дейін 0-ден 360 күнге дейін;
  - өтеуге дейін 361 күннен 1080 күнге дейін;
  - өтеуге дейін 1081 күннен 2160 күнге дейін;
  - өтеуге дейін 2161 күннен бастап және одан артық;
- 5) осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген "борыштық бағалы қағаздар" тобының қаржы құралдарының әрбір кіші тобының ішінде жүзеге асырылады:
- бағаның екі күндік ауытқуының максималды мәнін таңдау;
  - борыштық бағалы қағаздардың әрбір кіші тобы бағасының ең жоғары екі күндік ауытқу мәндерін мерзімділік диапазондары мен кредиттік рейтингтер бөлінісінде саралау.

Егер саралау нәтижелері бойынша неғұрлым төмен кредиттік рейтингі бар мерзімділіктің белгілі бір диапазоны бағасының ең жоғары ауытқу мәні неғұрлым жоғары кредиттік рейтингі бар мәннен аз болған жағдайда, онда мұндай мәнге неғұрлым жоғары кредиттік рейтингі бар бағаның ең жоғары ауытқуына тең мән беріледі;

- 6) осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген "борыштық бағалы қағаздар" тобының қаржы құралдарының кіші топтарының ішінде осы тармақтың 5) тармақшасында көрсетілген саралау нәтижелері бойынша алынған бағаның ең жоғары ауытқуының мәнін ескере отырып, әрбір кіші топтың бағасының ең жоғары ауытқуы мәнін бар Қазақстан Республикасының индекстелмеген мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша бағаның ең жоғары ауытқуының мәндерін қосу жолымен қаржы құралдары құнының ең жоғары ауытқуы айқындалады, тек ұлттық валютадан өзге валютада номиналданған, не Қазақстан Республикасының кредиттік рейтингінен жоғары кредиттік рейтингі бар борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда

Купонды индекстеу TONIA индикаторын ескере отырып жүзеге асырылатын борыштық бағалы қағаздар үшін қаржы құралдары құнының ең жоғары ауытқуы осы Әдістеменің 11-бабына сәйкес айқындалған TONIA индикаторының құбылмалылық мәнін Қазақстан Республикасының индекстелмеген мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша бағаның ең жоғары ауытқу мәнімен мерзімділік диапазондары бөлінісінде қосу жолымен айқындалады;

- 7) "басқа да қаржы құралдары" тобына кіретін KASE Global қаржы құралдары келесі параметрлер бойынша қосалқы топтарға топталады:
- котирлеу валютасы бойынша;
  - MSCI және S&P Dow Jones Incices әзірлеген компания қызметінің негізгі бағыттарына сәйкес;
- 8) қаржы құралдары: ETF, депозитарийлік қолхаттар, акциялар, пайлар, ETF, олардың базалық активтері "басқа қаржы құралдары" тобына жататын криптовалюталар болып табылады, келесі параметрлер бойынша қосалқы топтарға топталады:
- котирлеу валютасы бойынша;
  - типі бойынша: қарапайым немесе артықшылықты (акция жағдайында);
  - Биржалардың ресми тізіміне сәйкес Биржалар алаңы бойынша;
  - Биржаның ресми тізіміне сәйкес Биржа алаңдарының санаты бойынша;
- 9) осы тармақтың 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген "басқа қаржы құралдары" тобының қаржы құралдарының кіші топтарының ішінде бағаның екі күндік ауытқуының ең жоғары мәніне тең қаржы құралдары құнының ең жоғары ауытқуы айқындалады.

2. Бағалы қағаздар концентрациясының минималдық мөлшерлемесі мына формула бойынша есептеледі:

$$\text{ConcR}_{\min} = \text{MR}_{\min} \times \sqrt{\frac{T_{\text{Likv}}}{T_{\text{RH}}}}$$

3. T + тізімінің бағалы қағазының пайыздық тәуекелінің өсуінің ең төменгі мөлшерлемесі мерзімді негізде репоның әрбір негізгі мерзімі үшін T+ тізімінің барлық бағалы қағаздарымен автоматты репо операциялары бойынша деректер негізінде есептеледі.
4. Әрбір негізгі мерзім үшін бағалы қағаздың пайыздық тәуекелінің минималды өсу мөлшерлемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{MinM\_IR}_{\text{Tk}} = \alpha \times \sigma.$$

5. T + тізімінің бағалы қағазының пайыздық тәуекелінің төмендеуінің ең төменгі мөлшерлемесі мерзімді негізде репоның әрбір негізгі мерзімі үшін T+ тізімінің барлық бағалы қағаздарымен автоматты репо операциялары бойынша деректер негізінде есептеледі.
6. Әрбір негізгі мерзім үшін құлдыраудың минималды мөлшерлемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{MinSec\_IR}_{\text{Tk}} = \alpha \times \sigma.$$

7. Бағалы қағаздар бағасының ауытқуының және әрбір бағалы қағаз үшін репо мөлшерлемелерінің максималды мәндері биржалық қызметтің ережелеріне айқындайтын биржаның ішкі құжаттарына сәйкес анықталады және қажеттілігіне қарай қайта қаралады.

## 19-бап

### Нарықтық тәуекелдерді бағалау диапазонының жоғарғы және төменгі шекараларын анықтау

1. Бағалы қағаздың бірінші деңгейіндегі нарықтық тәуекелдерді бағалау диапазонының жоғарғы шегі мынадай формула бойынша анықталады:

$$\text{PH}_{1\text{T}} = P_{\text{T}} \times (1 + \text{MR}_{\text{T}}).$$

2. Екінші деңгейдегі бағалы қағаздың нарықтық тәуекелдерін бағалау диапазонының жоғарғы шегі мынадай формула бойынша анықталады:

$$\text{PH}_{2\text{T}} = P_{\text{T}} \times (1 + \text{ConcR}_{\text{T}}).$$

3. Бірінші деңгейдегі бағалы қағаздың нарықтық тәуекелдерін бағалау диапазонының төменгі шекарасы мынадай формула бойынша анықталады:

$$\text{PL}_{1\text{T}} = P_{\text{T}} \times (1 - \text{MR}_{\text{T}}).$$

4. Екінші деңгейдегі бағалы қағаздың нарықтық тәуекелдерін бағалау диапазонының төменгі шегі мынадай формула бойынша анықталады:

$$\text{PL}_{2\text{T}} = P_{\text{T}} \times (1 - \text{ConcR}_{\text{T}}).$$

5. Тәуекелдерді бағалау диапазондары мен репо қоржындары шекараларының мәндерін дөңгелектеу жүзеге асырылады:

1) акциялар бойынша разрядқа дейін  $\text{Rank} = \text{ceiling}(\log_{10}(\text{LotSize})) + 2$

2) облигациялар мен Репо қоржындары бойынша разрядқа дейін:

$$\text{Rank} = \max \{ \text{ceiling}[\log_{10}(\text{LotSize})] + 2 ; 6 - \text{ceiling}[\log_{10}(\text{FaceVal}_{\text{T}})] \}.$$

6. Клирингтік қатысу сертификаттары бойынша нарықтық тәуекелдерді бағалау диапазонының жоғарғы және төменгі шекараларының мәндері 1 қазақстандық теңгеге тең болып белгіленеді



20-бап

Бағалы қағаздардың баға дәлізінің жоғарғы және төменгі шекараларын анықтау

1. Мәмілелер жасасуға арналған өтінімдердің бағалары баға дәлізінің шекараларына жақындаған кезде бағалы қағаздың нарықтық тәуекелдерін бағалау диапазонының шекараларын жылжыту процедурасы жүзеге асырылады.
2. (T) сауда-саттық күніндегі бағалы қағаздың баға дәлізінің жоғарғы шекарасы мынадай формула бойынша анықталады:

$$PcH_{T/Tk} = \begin{cases} \text{акции} \left\{ \begin{array}{l} P_T \times (1 + PcH\_max), \text{ если } M = \text{False}; \\ \min \left[ P_T \times \left( 1 + \frac{MR_T}{x\_pr} \right) \times \left( 1 + RRcH_{T/Tk} \times \frac{k}{365 \times 100} \right); \right. \\ \left. P_T \times (1 + PcH\_max) \right], \text{ если } M = \text{True}; \end{array} \right. \\ \text{облигации} \left\{ \begin{array}{l} \frac{P_T \times (1 + PcH\_max)}{FaceVal_T} \times 100, \text{ если } M = \text{False}; \\ \min \left[ \frac{P_T \times \left( 1 + \frac{MR_T}{x\_pr} \right) \times \left( 1 + RRcH_{T/Tk} \times \frac{k}{365 \times 100} \right) - Carry_T - НКД_T}{FaceVal_T} \times 100; \right. \\ \left. \frac{P_T \times (1 + PcH\_max)}{FaceVal_T} \times 100 \right], \text{ если } M = \text{True} \end{array} \right. \end{cases}$$

3. (Т) сауда-саттық күніндегі бағалы қағаздың баға дәлізінің төменгі шекарасы мынадай формула бойынша анықталады:

$$PcL_{T/Tk} = \begin{cases} \text{акции} \begin{cases} P_T \times (1 - PcL\_max), \text{ если } M = \text{False}; \\ \min \left[ P_T \times \left( 1 - \frac{MR_T}{x\_pr} \right) \times \left( 1 + RRcL_{Tk} \times \frac{k}{365 \times 100} \right); \right. \\ \left. P_T \times (1 - PcL\_max) \right], \text{ если } M = \text{True}; \end{cases} \\ \text{облигации} \begin{cases} \frac{P_T \times (1 - PcL\_max)}{FaceVal_T} \times 100, \text{ если } M = \text{False}; \\ \min \left[ \left[ \frac{P_T \times \left( 1 - \frac{MR_T}{x\_pr} \right) \times \left( 1 + RRcL_{Tk} \times \frac{k}{365 \times 100} \right) - Carry_T - НКД_T}{FaceVal_T} \times 100 \right]; \right. \\ \left. \frac{P_T \times (1 - PcL\_max)}{FaceVal_T} \times 100 \right], \text{ если } M = \text{True} \end{cases} \end{cases}$$

4. Бағалы қағаз бойынша облигацияның ақша ағынының келтірілген құны номиналды валютада анықталады және келесі формула бойынша есептеледі:

$$Carry_T = \sum_{Ti=T0+1}^{Tk} CashFlow_T \times \left( 1 + RepoR_{YK} \times \frac{Tk - Ti}{365 \times 100} \right).$$

5. Шетел валютасында есеп айырысатын акциялармен жасалған мәмілелер үшін теңгемен есептелген баға дәлізі шекараларының мәндері осы Әдістеменің 37 бабына сәйкес анықталған шетел валютасының базалық бағамына бөлу арқылы шетел валютасына айырбасталады.
6. Клирингтік қатысу сертификаттары бойынша баға дәлізінің жоғарғы және төменгі шекаралары анықталмайды және белгіленбейді
7. Қажет болған жағдайда, оның ішінде нарықтық конъюнктураның, бағалардың елеулі өзгеруі, нарықтың құбылмалылығының артуы туралы ақпарат болған кезде, Биржа сауда-саттық барысында да, сауда-саттық басталғанға дейін де есептелгеннен өзгеше бір немесе бірнеше баға дәлізінің шекарасын белгілеу туралы шешім қабылдай алады.

## 21-бап

### Репо операциясының параметрлері

- "Тікелей" немесе "автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатын орталық контрагентпен репо операциялары бойынша дисконт нөлге тең болып белгіленеді
- Репо операциялары үшін ашу бағасы бағалы қағаздарды бағалау әдістемесіне сәйкес анықталған осындай репо операциясының заты болып табылатын бағалы қағаздың есептесу бағасына тең болып анықталады.
- Репо ашылу күні (Тк) репо операциясының заты болып табылатын бағалы қағаздың есептік бағасы (репо операциясының параметрлерін есептеу жүзеге асырылатын (Т) сауда-саттық күнінен кешірек) мынадай формула бойынша анықталады:

$$P_{Tk} = P_T - (FaceVal_{Tk} - FaceVal_T) - (НКД_{Tk} - НКД_T).$$

## 22-бап.

### Репоның есептік мөлшерлемесін анықтау

- Репо мөлшерлемелерінің баға дәлізі шекараларының мәндерін және бағалы қағаз бойынша пайыздық тәуекелдерді бағалау диапазонын белгілеу үшін осы бағалы қағаз бойынша репоның есептесу мөлшерлемесі анықталады.
- "Автоматты" тәсілмен шетел валютасында жүзеге асырылатын репо операциялары бойынша репоның есептік мөлшерлемесін анықтау үшін, репоның есептік мөлшерлемесін ұлттық валютаға келтіру осы Әдістеменің 35 бабына сәйкес анықталған шетел валютасының базалық бағамының және осы Әдістеменің 36-бабына сәйкес анықталған шетел валюталарымен своп операцияларының есеп айырысу бағаларының көмегімен жүзеге асырылады

3. Сауда-саттық күні ішінде бағалы қағазбен орталық контрагентпен "автоматты" репо операциялары жүзеге асырылған жағдайда, есеп айырысу күні (Ti) бар бағалы қағаз бойынша репоның есептік мөлшерлемесі мынадай формула бойынша анықталады:

$$\text{RepoR}_{Ti} = \min(\text{WRepoR}_{Ti}; \text{RepoInd}_{Ti}; \text{RepoCls}_{Ti}).$$

4. Сауда-саттық күні ішінде бағалы қағазбен орталық контрагентпен "автоматты" репо операциялары болмаған жағдайда, (Ti) есептік күні репоның есептесу мөлшерлемесі мынадай формула бойынша анықталады:

$$\text{RepoR}_{Ti} = \begin{cases} \text{RepoInd}_{Ti}, & \text{теңгемен репо операциялары үшін} \\ \frac{1 + \text{RepoInd}_{Ti}}{1 + \frac{365 \times \text{SwapCurr}_{Ti}}{(\text{Ti} - T) \times \text{RateBase}_{\text{Curr}}}}, & \text{шетел валютасымен репо операциялары үшін} \end{cases}$$

5. Барлық валюталар бойынша орташа өлшемді агрегатталған (Ti) сауда-саттық күнінде (T) есептік күнімен бағалы қағазбен репо мөлшерлемесі мынадай формула бойынша анықталады:

$$\text{WRepoR}_{Ti} = \frac{\sum_{\text{Curr, KZT}} \text{WRepoR}_{Ti(\text{Curr, KZT})} \times V_{T(\text{Curr, KZT})}}{\sum_{\text{Curr, KZT}} V_{T(\text{Curr, KZT})}}$$

6. Сауда-саттық күнінде (T) есептеу күнімен шетел валютасындағы репо-ның теңгемен келтірілген орташа өлшемді мөлшерлемесі (T) мынадай формула бойынша анықталады:

$$\text{WRepoR}_{Ti(\text{Curr, KZT})} = \left( 1 + \frac{\sum_j \text{RepoR}_{Ti(\text{Curr})}^j \times V_{j(\text{Curr})}}{\sum_j V_{j(\text{Curr})}} \right) \times \left( 1 + \frac{365 \times \text{SwapCurr}_{Ti}}{\text{RateBase}_{\text{Curr}}} \right) - 1$$

7. Қажет болған жағдайда Комитет бағалы қағазбен репо есептік мөлшерлемесінің мәндерін өзгерту туралы шешім қабылдай алады.
8. Түйінді мерзімдер арасындағы мерзімдерге репо есептік мөлшерлемелері линиялық интерполяция әдісімен анықталады.
9. Максималды негізгі мерзімнен астам мерзімге репо есептесу мөлшерлемелері соңғы негізгі мерзімнің мөлшерлемесіне тең болып белгіленеді.

**23-бап.**

**Репоның индикативтік мөлшерлемелерін есептеу**

1. Репо индикативтік мөлшерлемесін есептеу орталық контрагентпен репо операциялары, соның ішінде орталық контрагентпен репо, клирингтік қатысу сертификаттары және репо қоржынымен операцияларын бойынша сауда-саттық нәтижелері бойынша күн сайын жүзеге асырылады
2. Репоның индикативтік мөлшерлемелері, осы баптың 3 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, олар бойынша ашылу мәмілесінің есеп айырысу күні репоның индикативтік мөлшерлемесін есептеу күнімен сәйкес келетін қазақстандық теңгемен есептесулермен үздіксіз қарсы аукцион әдісімен репоның индикативтік мөлшерлемесін есептесу күні жасалған орталық контрагентпен репо операцияларын іріктеу негізінде есептеледі.
3. Репоның индикативтік мөлшерлемесін есептеу кезінде іріктелімнің кірістілігі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінен төмен репо операциялары, сондай-ақ "ҚРҰБ-мен қоржынымен ОК-пен авторепо" режимінде жасалған репо операциялары алып тасталады.

4. (Ті) есептік күнімен репо индикативтік мөлшерлемесін есептеу акциялар бойынша репо операцияларын іріктеу және облигациялар бойынша репо операцияларын іріктеу бойынша екі кезеңде жеке жүзеге асырылады:

- 1) бірінші кезеңде Тк репо операциясын жабылу мәмілесін (бұдан әрі – негізгі күн) есептеудің әрбір негізгі күніне репоның индикативтік мөлшерлемелері анықталады, мұнда:  $T_k \in \{T_0+1, T_0+2, T_0+3, T_0+7, T_0+14, T_0+30, T_0+90\}$  формуласы бойынша

$$\text{RepoInd}_{T_k} = \frac{\sum_{j=1}^{N_{T_k}} (V_{i(KZT)} \times \text{RepoR}_{T_k(KZT)})}{\sum_{j=1}^{N_{T_k}} V_{i(KZT)}}$$

Репоның индикативтік мөлшерлемесін есептеу жүргізілетін саудасаттық күнінде бір немесе бірнеше есептік күндерімен (Тк) қазақстандық теңгемен есептесумен репо операциялары болмаған жағдайда репоның есептелген индикативтік мөлшерлемелері бойынша есептеудің негізгі күндеріне репоның индикативтік мөлшерлемелерінің желілік интерполяциясы жүзеге асырылады

Репо операцияларының бір немесе бірнеше негізгі мерзімдері бойынша есептеудің негізгі күндері сәйкес келген кезде есеп айырысудың сәйкес келетін түйінді күндеріне репо индикативтік мөлшерлемесі есеп айырысудың негізгі күндері сәйкес келетіндердің минималды түйінді мерзімі үшін есептелген репоның индикативтік мөлшерлемесіне тең болып белгіленеді.

Негізгі мерзімдерге репо индикативтік мөлшерлемелерін анықтау кезінде есеп айырысу күнінің алдындағы соңғы бес есеп айырысу күніндегі әрбір негізгі мерзім үшін репо индикативтік мөлшерлемесінің медиандық мәні қосымша есептеледі және есеп айырысу күнінде көрсетілген шешуші мерзімге индикативтік мөлшерлемесінің медиандық мәнінің қандай да бір негізгі мерзіміне репо индикативтік мөлшерлемесін асып кеткен жағдайда, осы негізгі мерзімге репо индикативтік мөлшерлемелерінің көрсетілген репо индикативтік мөлшерлемелерінің медиандық мәні қолданылады

- 2) екінші кезеңде Ті есептесудің әрбір күніне репоның индикативтік мөлшерлемелері анықталады:

- егер Ті күні Тк негізгі есептік күндер арасына келетін болған жағдайда, репо индикативтік мөлшерлемелері сызықтық интерполяция әдісімен анықталады;
- егер Ті күні есептеудің максималды негізгі күнінен кеш болған жағдайда репоның индикативтік мөлшерлемелері есептеудің соңғы негізгі күніне есептелген репоның индикативтік мөлшерлемесіне тең болып белгіленеді.
- егер сызықтық интерполяция әдісімен есептелген репоның индикативтік мөлшерлемесінің мәні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолданыстағы базалық мөлшерлемесінің мәнінен аз болса, репоның индикативтік мөлшерлемелері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің қолданыстағы мәніне тең болып белгіленеді

5. Қатысудың клирингілік сертификаттары үшін акциялар бойынша репо операцияларын іріктеу және облигациялар бойынша репо операцияларын іріктеу бойынша есептік күні бар (Ті) репоның индикативтік мөлшерлемесінің орташа өлшенген мәні есептеледі.

## 24-бап

### Бағалы қағаздың пайыздық тәуекелінің мөлшерлемесін есептеу

1. Бағалы қағаздың пайыздық тәуекелінің өсу мөлшерлемесі және құлдырау мөлшерлемесі тәуекел-параметрлерді есептеу уақытында әрбір сауда-саттық күнінде (Т) есептеудің белгілі күндері (Тк) үшін есептеледі.

2. Бағалы қағаздың пайыздық тәуекелінің өсу мөлшерлемесі мынадай формула бойынша анықталады:

$$H\_IR_{Tk} = \begin{cases} \text{ceiling} \left( \frac{\max(IR\_p_{Tk} + RR_{I\_fi}; \text{MinM\_IR}_{Tk})}{h\_IR} \right) \times h\_IR, \text{если } M = \text{True} \\ \text{ceiling} \left( \frac{\text{MinM\_IR}_{Tk}}{h\_IR} \right) \times h\_IR, \text{если } M = \text{False} \end{cases}$$

3. Бағалы қағаздың пайыздық тәуекелінің төмендеу мөлшерлемесі мынадай формула бойынша анықталады:

$$L\_IR_{Tk} = \begin{cases} \text{ceiling} \left( \frac{\max(IR\_p_{Tk} + RR_{I\_fi}; \text{RepoInd}_{Tk} - \text{RepoR}_{Tk} + \text{MinSEC\_IR}_{Tk})}{h\_IR} \right) \times h\_IR, \text{если } M = \text{True} \\ \text{ceiling} \left( \frac{\text{RepoInd}_{Tk} - \text{RepoR}_{Tk} + \text{MinSEC\_IR}_{Tk}}{h\_IR} \right) \times h\_IR, \text{если } M = \text{False} \end{cases}$$

4. Бағалы қағаздың пайыздық тәуекел мөлшерлемесінің алдын ала мәні келесі алгоритмге сәйкес есеп айырысудың белгілі бір күні (Tk) үшін анықталады

$$IR\_p_{Tk} = \begin{cases} \text{ceiling} \left( \frac{\alpha * \sigma_T^{Tk}}{h\_IR} \right) \times h\_IR, \text{если } \text{ceiling} \left( \frac{\alpha * \sigma_T^{Tk}}{h\_IR} \right) \times h \geq IR\_p_{T-1}^{Tk} + h\_IR \\ IR\_p_{T-1}^{Tk} - h\_IR, \text{если } \text{ceiling} \left( \frac{\alpha * \sigma_T^{Tk}}{h\_IR} \right) \times h \leq (IR\_p_{T-1}^{Tk} - h\_IR) \text{ и } T_{Ch} \geq n\_IR \\ IR\_p_{T-1}^{Tk}, \text{ в любом другом случае} \end{cases}$$

**25-бап**

**Репо қоржындары бойынша пайыздық тәуекел мөлшерлемелерін есептеу**

1. Әрбір репо қоржыны үшін өсу мөлшерлемесі және пайыздық тәуекелдің төмендеу мөлшерлемесі жеке анықталады.
2. Репо қоржынының пайыздық тәуекел мөлшерлемелері тәуекел-параметрлерді есептеу кезінде әрбір саудасаттық күні (T) әрбір есептік күн (Ti) үшін есептеледі.
3. Есеп айырысудың әрбір күні үшін репо қоржынының пайыздық тәуекелінің өсу мөлшерлемесі (Tk) мынадай формула бойынша анықталады:

$$H\_IR\_Bskt_{Tk} = \max_j \left( \frac{RRH_{Tk}^j - \frac{P_T^j \times \text{RepoInd}_{Tk} \times (Tk - T)}{36500} + НКД_{Tk}^j - НКД_T^j}{P_T^j} \right) \times \frac{36500}{(Tk - T)}$$

4. Есеп айырысудың әрбір күні (Tk) үшін репо қоржынының пайыздық тәуекелінің төмендеу мөлшерлемесі мынадай формула бойынша анықталады:

$$L\_IR\_Bskt_{Tk} = \max_j \left( \frac{\frac{P_T^j \times \text{RepoInd}_{Tk} \times (Tk - T)}{36500} - RRL_{Ti}^j}{P_T^j} \right) \times \frac{36500}{(Tk - T)}$$

**26-бап**

**Бағалы қағаздың пайыздық тәуекелдерін бағалау диапазонының жоғарғы және төменгі шекараларын анықтау**

1. (T) сауда-саттық күніндегі Tk есептік күні үшін бағалы қағаздың пайыздық тәуекелін бағалау диапазонының жоғарғы шегі келесі формула бойынша анықталады

$$RRH_{Tk} = (\text{RepoR}_{Tk} + H\_IR_{Tk}) \times \frac{Tk - T}{365 \times 100} \times P_T.$$

2. Tk есептік күні үшін бағалы қағаздың пайыздық тәуекелін бағалау диапазонының төменгі шекарасы келесі формула бойынша анықталады:

$$RRL_{Tk} = (\text{RepoR}_{Tk} - L\_IR_{Tk}) \times \frac{Tk - T}{365 \times 100} \times P_T.$$

3. Тк есептік күні үшін репо қоржынының пайыздық тәуекелін бағалау диапазонының жоғарғы шегі келесі формула бойынша анықталады:

$$RRH\_Bskt_{Tk} = (RepoInd_{Tk} + H\_IR\_Bskt_{Tk}) \times \frac{Tk-T}{365 \times 100} \times P_T.$$

4. Тк есептік күні үшін репо қоржынының пайыздық тәуекелін бағалау диапазонының төменгі шекарасы мынадай формула бойынша анықталады

$$RRL\_Bskt_{Tk} = (RepoInd_{Tk} + L\_IR\_Bskt_{Tk}) \times \frac{Tk-T}{365 \times 100} \times P_T.$$

5. Пайыздық тәуекелді бағалау диапазоны шекараларының мәндерін дөңгелектеу:

1) акциялар бойынша разрядқа дейін Rank = ceiling(log<sub>10</sub> LotSize) + 2;

2) облигациялар мен Repo қоржындары бойынша разрядқа дейін:

$$Rank = \max \{ \text{ceiling}[\log_{10}(\text{LotSize})] + 2 ; 6 - \text{ceiling}[\log_{10}(\text{FaceVal}_T)] \}.$$

**27-бап.**

**Репо мөлшерлемелері дәлізінің жоғарғы және төменгі шекараларын анықтау**

1. Repo мөлшерлемелерінің дәлізі әрбір бағалы қағаз немесе репо қоржыны үшін, есеп айырысудың әрбір валютасы үшін, жартылай қамтамасыз етілген сауда-саттық режиміндегі әрбір негізгі мерзім үшін белгіленеді.

2. Есептік валютадағы Tk/Ti есептік күндері үшін бағалы қағаз бар репо мөлшерлемелері дәлізінің жоғарғы шекарасы келесі формула бойынша анықталады:

$$RRcH_{Tk/Ti}^{Curr} = \left( \frac{365 \times 100 + RepoR_{Ti}(KZT) \times (Ti-T) - RepoR_{Tk}(KZT) \times (Tk-T)}{365 \times 100 + SwapCurr_{Ti} \times (Ti-T) - SwapCurr_{Tk} \times (Tk-T)} - 1 \right) \times \frac{365 \times 100}{Ti-Tk} + \frac{H\_IR_{Ti}}{x\_IR}.$$

3. Қазақстандық теңгемен есептесулермен Tk/Ti есептік күндері үшін репо қоржыны бар репо мөлшерлемелері дәлізінің жоғарғы шекарасы мынадай формула бойынша анықталады:

$$RRcH\_Bskt_{Tk/Ti}^{\square} = \left( \frac{365 \times 100 + RepoInd_{Ti} \times (Ti-T) - RepoInd_{Tk} \times (Tk-T)}{365 \times 100} - 1 \right) \times \frac{365 \times 100}{Ti-Tk} + \frac{H\_IR\_Bskt_{Ti}}{x\_IR\_Bskt}.$$

4. Есептік валютадағы Tk/Ti есептік күндері үшін бағалы қағаз бар репо мөлшерлемелері дәлізінің төменгі шекарасы келесі формула бойынша анықталады:

$$RRcL_{Tk/Ti}^{Curr} = \left( \frac{365 \times 100 + RepoR_{Ti}(KZT) \times (Ti-T) - RepoR_{Tk}(KZT) \times (Tk-T)}{365 \times 100 + SwapCurr_{Ti} \times (Ti-T) - SwapCurr_{Tk} \times (Tk-T)} - 1 \right) \times \frac{365 \times 100}{Ti-Tk} - \frac{L\_IR_{Ti}}{x\_IR}.$$

5. Tk / Ti есептік күндеріне арналған репо қоржыны репо мөлшерлемелері дәлізінің жоғарғы шекарасы келесі формула бойынша есептеледі

$$RRcL\_Bskt_{Tk/Ti}^{\square} = \left( \frac{365 \times 100 + RepoInd_{Ti} \times (Ti-T) - RepoInd_{Tk} \times (Tk-T)}{365 \times 100} - 1 \right) \times \frac{365 \times 100}{Ti-Tk} - \frac{L\_IR\_Bskt_{Ti}}{x\_IR\_Bskt}.$$

6. Бағалы қағазы мен репо қоржыны бар репо мөлшерлемелері дәлізінің жоғарғы шекарасының қорытынды мәні овернайт үшін келесі шарттарды ескере отырып анықталады:

$$\begin{cases} RRcH_{T_0/T_1} = \min(RRcH_{T_0/T_1}^{KZT}; SD\_fm_{KZT}) \\ RRcH\_Bskt_{T_0/T_1} = \min(RRcH\_Bskt_{T_0/T_1}^{\square}; SD\_fm_{KZT}) \\ RRcL_{T_0/T_1} = \min(RRcL_{T_0/T_1}^{KZT}; SDL_{sec}) \end{cases}, \text{ мұнда}$$

7. Сауда-саттық күні болып табылатын акциялар бойынша дивидендтер алуға құқығы бар тұлғалардың тізімін айқындау күні немесе егер тізімді айқындау күні сауда емес күнге түскен жағдайда дивидендтер алуға құқығы бар тұлғалардың тізімін айқындау күнінің алдындағы соңғы сауда-саттық күні және оның алдындағы сауда-саттық күні параметр мәнінің орнына осы Әдістеменің 35-бабына сәйкес дивидендтердің шамасын негізге ала отырып белгіленген мән пайдаланылады.  $SDL_{sec} \cdot SDL\_div_{sec}$

**28-бап.**

**Баға дәлізі мен репо мөлшерлемелері дәлізі шекараларын жылжыту ерекшеліктері**

1. Бағалы қағаздарды сатып алу/сату бойынша мәмілелер жасасуға өтінімдер бағаларын бақылау үшін баға дәліздерінің шекараларын ауыстыру қажеттігі туралы белгі мынадай оқиғалардың бірі болып табылады:
  - 1) кез келген  $k$  мерзімі үшін өтінімдер кезегіндегі сатып алуға арналған ең жақсы жүйелік өтінімдердің бағалары баға дәлізінің жоғарғы шегіне  $w \times (PcH_{T-1/Tk} - PcL_{T-1/Tk})$  мәнінен төмен шамаға жақындады және нарықтың мұндай жай-күйі бекітілетін тәуекел-параметрнің  $u$  берілген уақыт кезеңі ішінде сақталды
  - 2) кез келген  $k$  мерзімі үшін өтінімдердің кезегіндегі сатуға арналған үздік жүйелік өтінімдердің бағалары баға дәлізінің төменгі шегіне  $w \times (PcH_{T-1/Tk} - PcL_{T-1/Tk})$  мәнінен төмен шамаға жақындады және нарықтың мұндай жай-күйі бекітілетін тәуекел-параметрнің  $u$  берілген уақыт кезеңі ішінде сақталды
2. Келесі оқиғалардың бірі ақшаны тарту немесе орналастыру бойынша  $k$  мерзіміне репо операцияларын жасасуға арналған өтінімдердің бағаларын бақылау үшін репо мөлшерлемелері дәліздерінің шекараларын жылжыту қажеттілігі туралы белгі болып табылады:
  - 1) өтінімдер кезегіндегі "автоматты" репо бойынша ақша тартуға арналған үздік өтінімдер мөлшерлемелері репо мөлшерлемелері дәлізінің жоғарғы шекарасына кіші мәнге  $\left(\frac{MM\_IR \times w\_IR}{x\_IR}\right)$ , жақындады және нарықтың мұндай жай-күйі бекітілетін тәуекел-параметрнің берілген  $u$  уақыт кезеңі ішінде сақталды;
  - 2) өтінімдер кезегіндегі "автоматты" репо бойынша ақша орналастыруға арналған үздік өтінімдердің мөлшерлемелері репо мөлшерлемелері дәлізінің жоғарғы шекарасына кіші мәнге  $\left(\frac{MM\_IR \times w\_IR}{x\_IR}\right)$ , жақындады және нарықтың мұндай жай-күйі бекітілетін тәуекел-параметрдің берілген  $u$  уақыт кезеңі ішінде сақталды.

**29-бап.**

**Бағалы қағаздың баға дәлізінің шекарасын жылжыту**

1. Жартылай қамтамасыз ете отырып, сауда-саттық тәртіптемесінде бағалы қағазды сатып алу/сату бойынша мәмілелер жасасуға өтінімдер бағаларын бақылау үшін баға дәліздерінің жоғарғы шекарасын жылжыту туралы шешім қабылдау кезінде жоғарғы шекара келесі формула бойынша қайта есептеледі:

$$NewPcH_{T/Tk} = \begin{cases} \text{акциялар} & \left\{ \min \left[ \begin{aligned} & P_T \times (1 + PcH\_max), \text{ егер } M=False; \\ & \left| P_T \times \left( 1 + \frac{2 \times Shift \times MR_{T-1}}{x\_pr} \right) \times \left( 1 + RRcH_{T/Tk} \times \frac{k}{365 \times 100} \right) \right|; \\ & P_T \times (1 + PcH\_max); \\ & 0 \end{aligned} \right. \right\}, \text{ егер } M=True; \\ \text{облигациялар} & \left\{ \min \left[ \begin{aligned} & \frac{P_T \times (1 + PcH\_max)}{FaceVal_T} \times 100, \text{ егер } M=False; \\ & \left| \frac{P_T \times \left( 1 + \frac{2 \times Shift \times MR_{T-1}}{x\_pr} \right) \times \left( 1 + RRcH_{T/Tk} \times \frac{k}{365 \times 100} \right) - Carry_T - НКД_T}{FaceVal_T} \times 100 \right|; \\ & \frac{P_T \times (1 + PcH\_max)}{FaceVal_T} \times 100; \\ & 0 \end{aligned} \right. \right\}, \text{ егер } M=True \end{cases}$$

2. Ішінара қамтамасыз ету арқылы сауда-саттық режимінде бағалы қағаздарды сатып алу/сату бойынша мәмілелер жасасуға өтінімдердің бағаларын бақылау үшін баға дәліздерінің төменгі шекарасын ауыстыру туралы шешім қабылдаған кезде төменгі шекара келесі формула бойынша қайта есептеледі:

$$NewPcL_{T/Tk} = \begin{cases} \text{акциялар} \left\{ \begin{array}{l} P_T \times (1 - PcL\_max), \text{ егер } M=False; \\ \min \left[ \left[ P_T \times \left( 1 - \frac{2 \times Shift \times MR_{T-1}}{x\_pr} \right) \times \left( 1 + RRcL_{Tk} \times \frac{k}{365 \times 100} \right) \right]; \right. \\ \left. P_T \times (1 - PcL\_max); \right. \\ \left. 0 \right] \right\}, \text{ егер } M=True; \\ \\ \text{облигациялар} \left\{ \begin{array}{l} \frac{P_T \times (1 - PcL\_max)}{FaceVal_T} \times 100, \text{ если } M=False; \\ \min \left[ \left[ \frac{P_T \times \left( 1 - \frac{2 \times Shift \times MR_{T-1}}{x\_pr} \right) \times \left( 1 + RRcL_{Tk} \times \frac{k}{365 \times 100} \right) - Carry_T - НКД_T}{FaceVal_T} \times 100 \right]; \right. \\ \left. \frac{P_T \times (1 - PcL\_max)}{FaceVal_T} \times 100; \right. \\ \left. 0 \right] \right\}, \text{ егер } M=True \end{array} \right.$$

- Шетел валютасындағы есептесетін сауда-саттық акциялары үшін теңгемен есептелген баға дәлізі шекараларының шектеу деңгейлерінің мәндері тиісті есептік күнін шетел валютасының есептік бағамына бөлу арқылы шетел валютасына айырбасталады.

### 30-бап.

#### Репо мөлшерлемелері дәлізінің шекараларын ауыстыру

- Репо операцияларын жүзеге асыруға арналған өтінімдердің бағаларын бақылау үшін бағалы қағазбен репо мөлшерлемелері дәлізінің жоғарғы шекарасын ауыстыру туралы шешім қабылдаған кезде есеп айырысу валютасында  $Tk/Ti$  есептеу күндері үшін бағалы қағазбен репо мөлшерлемелері дәлізінің жоғарғы шекарасы мынадай формула бойынша қайта есептеледі:

$$NewRRcH_{Tk/Ti}^{Curr} = \left( \frac{365 \times 100 + RepoR_{Ti(KZT)} \times (Ti - T) - RepoR_{Tk(KZT)} \times (Tk - T)}{365 \times 100 + SwapCurr_{Ti} \times (Ti - T) - SwapCurr_{Tk} \times (Tk - T)} - 1 \right) \times \frac{365 \times 100}{Ti - Tk} + \frac{NewH\_IR_{Ti}}{x\_IR},$$

мұнда сауда-саттық күні ( $T$ ) есептік күн үшін ( $Ti$ ) есептелген бағалы қағаздың пайыздық тәуекелінің құлдырауы мөлшерлемесінің жаңа мәні келесі формула бойынша:

$$NewH\_IR_{Ti} = H\_IR_{Ti} + Shift \times (RRcH_{Tk/Ti}^{Curr} - RRcL_{Tk/Ti}^{Curr}).$$

- Репо операцияларын жүзеге асыруға арналған өтінімдердің бағаларын бақылау үшін бағалы қағазбен репо мөлшерлемелері баға дәлізінің төменгі шекарасын ауыстыру туралы шешім қабылдаған кезде есеп айырысу валютасында  $Tk/Ti$  негізгі мерзімдер бойынша бағалы қағазбен репо мөлшерлемелері дәлізінің төменгі шекарасы мынадай формула бойынша қайта есептеледі:

$$NewRRcL_{Tk/Ti}^{Curr} = \left( \frac{365 \times 100 + RepoR_{Ti(KZT)} \times (Ti - T) - RepoR_{Tk(KZT)} \times (Tk - T)}{365 \times 100 + SwapCurr_{Ti} \times (Ti - T) - SwapCurr_{Tk} \times (Tk - T)} - 1 \right) \times \frac{365 \times 100}{Ti - Tk} - \frac{NewL\_IR_{Ti}}{x\_IR},$$

мұнда сауда-саттық күні ( $T$ ) есептік күн үшін ( $Ti$ ) есептелген бағалы қағаздың пайыздық тәуекелінің құлдырауы мөлшерлемесінің жаңа мәні келесі формула бойынша:

$$NewL\_IR_{Ti} = L\_IR_{Ti} + Shift \times (RRcH_{Tk/Ti}^{Curr} - RRcL_{Tk/Ti}^{Curr}).$$

### 31-бап.

#### Сауда-саттық барысында нарықтық тәуекелдерді бағалау диапазонының шекарасын жылжыту

- Тиісті бағалы қағаздың баға дәлізінің жоғарғы (төменгі) шекарасын жылжыту кезінде бірінші және екінші деңгейдегі нарықтық тәуекелдерді бағалау диапазонының жоғарғы (төменгі) шекараларын жылжыту жүзеге асырылады.
- Бағалы қағаздар бойынша баға шекараларының және нарықтық тәуекелдерді бағалау диапазоны шекараларының жылжыту үздіксіз қарсы аукцион әдісімен сатып алу/сату сауда-саттығы режимінде баға шекараларының жылжыуы туралы



белгі іске қосылғаннан кейінгі кез келген мерзім үшін барлық сауда-саттық режимдерінде жүзеге асырылады.

- Баға дәлізінің жоғарғы шекарасын жылжыту туралы шешім қабылдау кезінде бірінші деңгейдегі нарықтық тәуекелді бағалау диапазонының жоғарғы шегінің жаңа мәні келесі формула бойынша анықталады:

$$PH_{-1}_T^{New} = PH_{-1}_T + \frac{2 \times Shift \times P_{T-1} \times MR_{T-1}}{x_{pr}}$$

- Баға дәлізінің жоғарғы шекарасын жылжыту туралы шешім қабылдау кезінде екінші деңгейдегі нарықтық тәуекелді бағалау диапазонының жоғарғы шегінің жаңа мәні мынадай формула бойынша анықталады:

$$PH_{-2}_T^{New} = PH_{-2}_T + \frac{2 \times Shift \times P_{T-1} \times MR_{T-1}}{x_{pr}}$$

- Баға дәлізінің төменгі шекарасын жылжыту туралы шешім қабылдау кезінде бірінші деңгейдегі нарықтық тәуекелді бағалау диапазонының төменгі шегінің жаңа мәні келесі формула бойынша анықталады:

$$PL_{-1}_T^{New} = \min \left( PL_{-1}_T - \frac{2 \times Shift \times P_{T-1} \times MR_{T-1}}{x_{pr}}; 0 \right).$$

- Баға дәлізінің төменгі шекарасын жылжыту туралы шешім қабылдау кезінде екінші деңгейдегі нарықтық тәуекелді бағалау диапазонының жоғарғы шегінің жаңа мәні мынадай формула бойынша анықталады:

$$PL_{-2}_T^{New} = \min \left( PL_{-2}_T - \frac{2 \times Shift \times P_{T-1} \times MR_{T-1}}{x_{pr}}; 0 \right).$$

**32-бап.**

**Сауда-саттық барысында пайыздық тәуекелдерді бағалау диапазонының шекарасын жылжыту**

- Тиісті қаржы құралының репо мөлшерлемелерінің баға дәлізінің жоғарғы (төменгі) шекарасын жылжыту кезінде пайыздық тәуекелдерді бағалау диапазонының жоғарғы (төменгі) шекараларын жылжыту жүзеге асырылады
- Репо мөлшерлемелерінің баға дәлізінің жоғарғы шекарасын жылжыту туралы шешім қабылдау кезінде пайыздық тәуекелді бағалау диапазонының жоғарғы шегінің жаңа мәні келесі формула бойынша анықталады:

$$NewRRH_{Tk} = (RepoR_{Tk} + NewH_{-IR}_{Tk}) \times \frac{Tk-T}{365 \times 100} \times P_T.$$

- Репо мөлшерлемелерінің баға дәлізінің төменгі шекарасын жылжыту туралы шешім қабылдау кезінде пайыздық тәуекелді бағалау диапазонының төменгі шегінің жаңа мәні мынадай формула бойынша анықталады:

$$NewRRL_{Tk} = (RepoR_{Tk} - NewL_{-IR}_{Tk}) \times \frac{Tk-T}{365 \times 100} \times P_T.$$

**33-бап.**

**Дефолтты реттеу мөлшерлемелерін анықтау**

- Қор нарығындағы ақша бойынша дефолтты реттеу мөлшерлемелері есеп айырысудың әрбір валютасы үшін анықталады және репо/своп операциясының мәні болып табылатын барлық бағалы қағаздар немесе шетел валюталары үшін репо/своп операциясын жасасу кезінде қолданылады және мынадай формулалар бойынша есептеледі:

$$\left\{ \begin{array}{l} SD_{fm_{KZT}} = R_{KZT} + CONST_{KZT}, \\ SD_{fm_{USD}} = \begin{cases} e_{rep} R_{USD} < 0, -(R_{USD} + CONST_{USD}) \\ e_{rep} R_{USD} \geq 0, -(CONST_{USD}) \end{cases} \end{array} \right.$$

- Қажет болған жағдайда, оның ішінде нарықтық конъюнктураның, бағалардың елеулі өзгеруі, ақша нарығының құбылмалылығының артуы туралы ақпарат болған кезде Комитет сауда-саттық ашылғанға дейін немесе сауда-

саттық күні ішінде белгіленген пайыздық үстемені тұрақты негізде немесе қандай да бір мерзімге өзгерту туралы шешім қабылдай алады.

3. Қаржы құралдары бойынша дефолтты реттеу мөлшерлемесі мынадай формула бойынша анықталады:

$$SD_{sec} = \min(RRcL_{T0/T1}^{KZT}, SDH_{sec}).$$

4. Акциялар бойынша дивидендтер алуға құқығы бар тұлғалардың тізімін анықтау күні болып табылатын, сауда-саттық күнінде немесе, соңғы саудасаттық күнінің алдындағы күні бойынша дивидендтер алуға құқығы бар тұлғалардың тізімін анықтау сауда-саттық күні болып табылмайтын күніне түскен жағдайда, және оның алдындағы сауда-саттық күніндегі параметрлерінің мәндерін  $SDH_{sec}$  және  $SDL_{sec}$  параметрлерінің орнына  $SDH_{div_{sec}}$  және  $SDL_{div_{sec}}$  параметрлері қолданылады, акциялар бойынша белгіленген дивидендтер шамасын негізге ала отырып, келесідей анықталады

$$\begin{cases} SDH_{div_{sec}} = \max\left(\min\left(SDH_{sec}; \text{floor}\left(-\frac{Div_T^{KZT}}{P_T} \times \frac{365}{N} \times 100\%\right)\right); -999\%\right) \\ SDL_{div_{sec}} = \min(SDH_{div_{sec}}; SDL_{sec}) \end{cases}$$

5. Міндеттемелерді ауыстыру үшін қаржы құралында дефолтты реттеу мөлшерлемесі бойынша репо операциясын жүзеге асыру сәтінде осы қаржы құралы бойынша  $SD_{sec}$  параметрінің ағымдағы мәні пайдаланылады.

#### 34-бап.

#### Теңгерімдеуші мәмілелердің бағаларын анықтау тәртібі

1. Биржа мен адал клирингілік қатысушы арасында теңгерімдеуші мәмілелер жасасу мақсаттары үшін қаржы құралының әділ нарықтық бағасы ол Орталық контрагенттің функцияларын орындаған кезде Бағалы қағаздарды бағалау әдістемесіне сәйкес есептелген, соңғы анықталған есептесу баға ретінде анықталады.
2. Осы баптың 1 тармағында анықталған баға корпоративтік іс-әрекеттер туралы қолжетімді ақпаратты негізге ала отырып, Биржа анықтайтын қаржы құралы бойынша төлемдер мөлшеріне немесе бағаға әсер етуі мүмкін қаржы құралы эмитенті қызметінің өзге де елеулі фактілері туралы ақпаратты негізге ала отырып, Биржа анықтайтын өзге шамаға түзетілуі мүмкін, оның ішінде:
  - 1) ақшаны, сондай-ақ өзге де мүлікті, оның ішінде дивидендтерді, қаржы құралдары бойынша пайыздарды алуға құқығы бар тұлғалардың тізімін жасау, номиналды құнын төлеу күні туралы;
  - 2) облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге құқығы бар тұлғалардың тізімін жасау күні туралы;
  - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мәжбүрлеп сатып алған жағдайда, сатып алынатын қаржы құралдары иелерінің тізімін жасау күні туралы
3. Осы баптың 1 және 2 тармақтарында анықталған және Орталық контрагенттің функцияларын орындау кезінде, Орталық контрагент және адал клирингілік қатысушының арасында теңгерімдеуші мәмілелер жасасу мақсатында пайдаланатын бағалар Клиринг орталығының ресми сайтында жариялануға жатады

8-бөлім ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

35-бап.

Шетел валюталарының есеп айырысу бағамдарын анықтау

1. Шетел валютасының (Curr) есеп айырысу бағамдары барлық (Ti) есеп айырысу күндері үшін теңгеге (KZT) қатысты анықталады және әрбір шетел валютасы (Curr) бойынша сауда-саттық сессиясының аяқталу қорытындысы бойынша әрбір жұмыс күні есептеледі.
2. Шетел валюталарының есеп айырысу бағамдарын анықтау мақсатында  $CentralRate_{Curr}$  шетел валютасының орталық бағамы тиісті бағам құраушы құралдың ашық сауда-саттық тәртіптемесіндегі сауда-саттықтар бойынша деректері негізінде анықталады.

Шетел валюталары бойынша бағам құраушы құралдар болып табылады:

$CurrKZT\_TOM$  (Curr=USD/EUR/RUB/CNY).

3. Егер шетел валютасы бойынша "қысқа сатуға тыйым салу" белгісі белгіленсе, мұндай шетел валютасы үшін  $CentralRate_{Curr}$  орталық бағамы  $CurrKZT\_TOD$ ,  $CurrKZT\_TOM$ ,  $CurrKZT\_SPT$  құралдары бойынша саудасаттық деректері негізінде анықталады.
4. Әрбір шетел валютасы үшін  $CentralRate_{Curr}$  орталық бағамы тиісті бағам құраушы құрал бойынша сауда-саттық сессиясының аяқталу уақытына дейін соңғы 30 (отыз) минут ішінде Биржаның сауда-саттық жүйесінде ашық саудасаттық тәртіптемесінде жасалған ағымдағы сауда-саттық күнінің шетел валютасын сатып алу-сату мәмілелерінің соңғы n бойынша есептелген орташа сараланған бағамға тең болып белгіленеді: N АҚШ доллары бойынша 5 (бес) мәмілеге немесе өзге шетел валюталары үшін 3 (үш) мәмілеге (EUR/RUB/CNY) тең болып анықталады.
5. Егер ағымдағы сауда-саттық күні Биржаның сауда-саттық жүйесінде ашық сауда-саттық тәртіптемесінде бағам құраушы құрал бойынша сауда сессиясы аяқталатын уақытқа дейін соңғы 30 (отыз) минут ішінде мәмілелер N-ден кем жасалған болса, шетел валютасының орталық бағамы мынадай шамалардың медиандық мәніне тең белгіленеді:
  - бағам құраушы құрал бойынша сауда сессиясы аяқталғанға дейін ағымдағы сауда-саттық күні ішінде ашық сауда-саттық тәртіптемесінде Биржаның саудасаттық жүйесінде жасалған барлық тиісті сатып алу-сату мәмілелері бойынша есептелген орташа сараланған бағам, сауда сессиясы ішінде ағымдағы саудасаттық күні ішінде тиісті мәмілелер болмаған кезде, медиандық мән орташа сараланған бағамды есепке алмай есептеледі;
  - бағам құраушы құрал бойынша ашық сауда-саттық тәртіптемесінде Биржаның сауда-саттық жүйесінде сатып алуға арналған үздік өтінімнің бағасы ағымдағы сауда-саттық сессиясы ішінде сатып алуға тиісті өтінімдер болмаған кезде, медиандық мән сатып алуға арналған өтінімдер ескерілмей есептеледі;
  - бағам құраушы құрал бойынша ашық сауда-саттық тәртіптемесінде Биржаның сауда-саттық жүйесінде сатуға арналған ең үздік өтінімнің бағасы ағымдағы сауда-саттық күні ішінде сатуға арналған тиісті өтінімдер болмаған кезде, медиандық мән сатуға арналған өтінімдер есепке алынбай есептеледі.

6. Егер шетел валютасы бойынша "қысқа сатуға тыйым салу" белгісі белгіленсе, шетел валютасының орталық бағамы мынадай шамалардың медиандық мәнге тең болып белгіленеді:
  - CurrKZT\_TOD, CurrKZT\_TOM, CurrKZT\_SPT құралдары бойынша сауда сессияларының аяқталу уақытына дейін ағымдағы сауда-саттық күні ішінде ашық сауда-саттық тәртіптемесінде Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған барлық тиісті сатып алу-сату мәмілелері бойынша есептелген орташа өлшемді бағам, сауда сессиялары ішінде тиісті мәмілелер болмаған жағдайда, медиандық мән Биржаның сауда-саттық жүйесінде ағымдағы сауда-саттық күнінің орташа өлшемді бағамын есепке алмай есептеледі;
  - бағам құраушы құрал бойынша ашық сауда-саттық тәртіптемесінде Биржаның сауда-саттық жүйесінде сатып алуға арналған үздік өтінімнің бағасы ағымдағы сауда-саттық сессиясы ішінде сатып алуға тиісті өтінімдер болмаған кезде, медиандық мән сатып алуға арналған өтінімдер ескерілмей есептеледі;
  - бағам құраушы құрал бойынша ашық сауда-саттық тәртіптемесінде Биржаның сауда-саттық жүйесінде сатуға арналған ең үздік өтінімнің бағасы ағымдағы сауда-саттық күні ішінде сатуға арналған тиісті өтінімдер болмаған кезде, медиандық мән сатуға арналған өтінімдер есепке алынбай есептеледі.
7. Егер ағымдағы сауда-саттық күні ішінде белгілі бір шетел валютасы үшін бағам құраушы құрал бойынша ашық сауда-саттық тәртіптемесінде сауда сессиясы аяқталатын уақытқа дейін бірде-бір мәміле жасалмаса, сондай-ақ осы кезең ішінде бағам құраушы құрал бойынша сатуға және сатып алуға бірде-бір өтінім берілмесе, орталық бағам тиісті шетел валютасы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамына тең белгіленеді.
8. Кросс-валюта жұптары үшін орталық бағам кросс-валюта жұбына кіретін валюта, ал екінші қазақстандық теңге валюталардың бірі болып табылатын шетел валюталарының орталық бағамдарының мәндерін негізге ала отырып алынған бағамға тең белгіленеді.
9. T0 есептік күні үшін шетел валютасының Rate\_Curr есеп айырысу бағамы Осы баптың 2-7 тармақтарына сәйкес анықталған CentralRateCurr шетел валютасының орталық бағамына тең болып белгіленеді:

$$\text{Rate\_Curr}_{T_0} = \text{CentralRate}_{\text{Curr}}$$

10. Есеп айырысу күні үшін шетел валютасының есеп айырысу бағамы  $T_i > T_0$  мынадай формулаға сәйкес есептеледі:

$$\text{Rate\_Curr}_{T_i} = \text{CentralRate}_{\text{Curr}} \times \left( 1 + \frac{\text{SwapCurr}_{T_i}}{365 \times 100} \times (T_i - T_0) \right).$$

**36-бап.**

**Шетел валютасымен операциялардың / валюталық своп операциялардың есептесу бағаларын анықтау**

1. Шетел валютасымен операциялардың / валюталық своп операцияларының және жеткізілімді фьючерстердің есептесу бағаларын анықтау мақсатында тиісті шетел валютасы үшін шетел валютасымен операциялардың / валюталық своп операцияларының индикативтік мөлшерлемелері анықталады.
2. Шетел валютасымен операциялардың / операциялардың  $\text{IndRateCurr}_{T_i/T_k}$  валюталық свопы индикативтік мөлшерлемелерін есептеу  $T_i/T_k$  есеп айырысудың негізгі күндеріне ашық сауда-саттық (СВОП) режиміндегі сауда-саттық сессияның нәтижелері бойынша күн сайын жүзеге асырылады.
3. T0 шетел валютасымен операциялар бойынша ашылу мәмілесін есептеу күнімен және T1 және T2 есеп айырысудың негізгі күндерімен  $\text{IndRateCurr}_{T_0/T_1}$  және  $\text{IndRateCurr}_{T_0/T_2}$  шетел валютасымен операциялардың индикативтік мөлшерлемелері мынадай алгоритм бойынша анықталады

- 1) ағымдағы сауда-саттық күнінде сауда-саттық болған кезде CurrKZT\_0\_001 және CurrKZT\_0\_002 құралдары бойынша мыналарға тең белгіленеді:
  - АҚШ доллары үшін: Биржаның "Ақша нарығының индикаторларын есептеу әдістемесі" атты (бұдан әрі – Индикаторларды есептеу әдістемесі) ішкі құжатына сәйкес есептелген, бір күндік және екі күндік валюталық своп операцияларының тиісінше USD/KZT SWAP1D (USD) және SWAP-2D (USD) кірістілік индикаторларына;
  - шетел валюталары үшін Curr АҚШ долларын қоспағанда: ағымдағы сауда-саттық күнінде ашық сауда тәртіптемесінде (СВОП) жасалған Currkzt\_0\_001 және CurrKZT\_0\_002 құралдары бойынша шетел валютасымен операциялардың орташа сараланған кірістілігіне;
- 2) ағымдағы сауда-саттық күнінде сауда-саттық жоқ болған кезде CurrKZT\_0\_001 және CurrKZT\_0\_002 құралдары бойынша мыналарға тең белгіленеді:
  - АҚШ доллары үшін: алдыңғы сауда-саттық күніне есептелген  $IndRateUSD_{T0/T1}$  және  $IndRateUSD_{T0/T2}$  шетел валютасымен операциялардың индикативтік мөлшерлемелері;
  - АҚШ долларын қоспағанда, Curr шетел валюталары үшін: қандай да бір шетел валютасы бойынша алдыңғы сауда-саттық күнінде анықталған тиісті шетел валютасы бойынша Curr шетел валютасымен операциялардың индикативтік мөлшерлемелері  $IndRateCurr_{T1}$  және (немесе)  $IndRateCurr_{T2}$  валюталық свопы операциялардың индикативтік мөлшерлемелері пайдаланылады;
- 3) алдыңғы сауда-саттық күнінде CurrKZT\_0\_001 және (немесе) CurrKZT\_0\_002 құралдары бойынша сауда-саттық болмаған кезде, АҚШ долларын қоспағанда, шетелдік валюталар үшін (Curr=EUR/RUB/CNY) мыналарға тең деп белгіленеді:

$$\begin{cases} IndRateCurr_{T0/T1} = (IndRateUSD_{T0/T1} + R\_USD) - R\_Curr \\ IndRateCurr_{T0/T2} = (IndRateUSD_{T0/T2} + R\_USD) - R\_Curr \end{cases}$$

4. Шетел валютасымен жасалатын операциялардың индикативтік мөлшерлемелері шетел валютасымен жасалатын операциялар бойынша ашылу мәмілесінің T1 есеп айырысу күнімен және T2 есеп айырысудың негізгі күнімен, шетел валютасымен операцияны жабылу мәмілесінің есеп айырысу күніне сәйкес келетін T2 есеп айырысу күнімен  $Curr_{T1_001}$  құралы бойынша  $IndRateCurr_{T0/T1}$  шетел валютасымен жасалатын операциялардың тиісті индикативтік мөлшерлемелеріне тең, шетел валютасымен жасалатын операциялар бойынша ашу мәмілесінің T0 есеп айырысу күнімен және T1 есеп айырысудың негізгі күнімен белгіленеді.
5. Валюталық своп операцияларының индикативтік мөлшерлемелерін есептеу  $IndRateCurr_{T1/Tk}$  валюталық своп операциялары бойынша ашылу мәмілесін T1 есептеу күнімен және Tk есептеулерінің негізгі күндерімен келесі алгоритм бойынша анықталады:

- 1) валюталық своп (ACRP) операцияларымен сауда-саттыққа қатысушының орташа несиелік тәуекелін бағалаудың индикативтік көрсеткіші есептеледі, ол келесідей анықталады:

$$ACRP = \begin{cases} (Y\_KZT_{T2}) - (Y\_CURR_{T2} + Zwa) - (IndRateCurr_{T0/T2}), \text{ егер } CURR \neq USD \\ (Y\_KZT_{T2}) - (Y\_USD_{T2} + Zwa) - (SWAP-2D (USD)), \text{ егер } CURR = USD \end{cases}$$

Егер валюталық своп (ACRP) операцияларының сауда-саттық қатысушысының орташа несиелік тәуекелін бағалаудың индикативті көрсеткішінің алынған мәні теріс болса, онда ол абсолютті мән ретінде есептеледі;

- 2) Есеп айырысудың әрбір Tk негізгі күніне ҚР МБҚ және шет мемлекеттердің МБҚ кірістілігі жөніндегі деректер негізінде  $IndRateCurr_{T1/Tk}$  валюталық своп

операцияларының индикативтік мөлшерлемелері мынадай формула бойынша анықталады:

$$\text{IndRateCurr}_{T_1/T_k} = Y\_KZT_{T_k} - (Zwa + Y\_CURR_{T_k}) + \text{ACRP}.$$

6. Шетел валютасымен операциялардың / валюталық своп операциялардың есептесу бағасы пайызбен теңгеге қатысты  $T_k$  негізгі күндеріне мынадай формулалар бойынша есептеледі:

$$\text{SwapCurr}_{T_0/T_1} = \text{IndRateCurr}_{T_0/T_1};$$

$$\text{SwapCurr}_{T_0/T_2} = \text{IndRateCurr}_{T_0/T_2};$$

$$\text{SwapCurr}_{T_1/T_2} = \text{IndRateCurr}_{T_1/T_2};$$

$$\text{SwapCurr}_{T_0/T_k} = \left( \frac{\text{IndRateCurr}_{T_0/T_1} \times (T_1 - T_0) + \text{IndRateCurr}_{T_1/T_k} \times (T_k - T_1)}{T_k - T_0} \right).$$

7. Ұзын своптар бойынша жабу мәмілелерін есептеу күндерінен басқа, есептеу күндерімен своп операцияларының есептесу бағалары линиялық интерполяция әдісімен есептеледі.

8. Шетел валютасымен операциялардың / валюталық своп операцияларының теңгемен есептесу бағалары кез келген  $T_j \text{SwapCurrKZT}_{T_0/T_j}$  есептесу күнге  $\text{SwapCurrKZT}_{T_0/T_j}$  мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{SwapCurrKZT}_{T_0/T_j} = \left( \frac{\text{SwapCurr}_{T_0/T_j} \times (T_j - T_0)}{365 \times 100} \right) \times \text{CentralRate}_{\text{curr}}.$$

9. Қажет болған жағдайда Комитет своп операцияларының есептесу бағаларының мәндерін, егер Комитет мүшелерінің пікірі бойынша олар осы қаржы құралының әділ нарықтық бағасын көрсетпесе, жоғарыда айтылғандардан өзгеше тәртіппен өзгерту туралы шешім қабылдауға құқылы.

**37-бап.**

**Шетел валюталары үшін нарықтық және пайыздық тәуекелдің шекті мөлшерлемелерін анықтау**

1. Нарықтық және пайыздық тәуекелдің шектеу мөлшерлемелері іргелі параметрлерді пайдалана отырып, валюталық биржалық нарықта жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысу бағамдары туралы тарихи ақпарат негізінде есептеледі.
2. Curr шетел валютасы бойынша бастапқы маржаның минималды мөлшерлемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{MR}_{\min} = \max(\alpha \times \sigma; k\_MR_{\min}).$$

3. Шетел валютасы бойынша шоғырланудың минималды мөлшерлемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{ConcR}_{\min} = \text{MR}_{\min} \times \sqrt{\frac{T_{\text{Likv}}}{T_{\text{RH}}}}.$$

4. Бастапқы маржаның максималды мөлшерлемесі  $\text{MR}_{\max_{f_i}}$  мен шетел валютасы бойынша максималды шоғырландыру мөлшерлемесі  $\text{ConcR}_{\max_{f_i}}$  100 %-ға тең деп белгіленеді.
5. Шетел валютасы бойынша пайыздық тәуекел өсімінің минималды мөлшерлемесі шетел валютасымен операциялар/ валюталық своп операциялары бойынша деректер негізінде мерзімді негізде әрбір негізгі мерзім үшін есептеледі.

6. Әрбір негізгі мерзім үшін шетел валютасы бойынша пайыздық тәуекел өсімінің минималды мөлшерлемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{MinH\_IR}_{T_k} = \alpha \times \sigma.$$

7. Шетел валютасы бойынша пайыздық тәуекел құлдырауының минималды мөлшерлемесі шетел валютасымен операциялар/ валюталық своп операциялары бойынша деректер негізінде мерзімді негізде әрбір негізгі мерзім үшін есептеледі.

8. Әрбір негізгі мерзім үшін құлдыраудың минималды мөлшерлемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{MinL\_IR}_{T_k} = \alpha \times \sigma.$$

9. Комитет сауда-саттық барысында да, сауда-саттық басталғанға дейін де нарықтық конъюнктураның біршама өзгеруі, нарықтық құбылмалылықтың жоғарылауы немесе өзге де нарықтық факторлар туралы ақпарат болған кезде осы Әдістемеге сәйкес айқындалатын мәндерден өзгеше нарықтық және пайыздық тәуекелдердің шектеуші мөлшерлемелерін белгілеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

**38-бап.**

**Шетел валюталары бойынша бастапқы маржа мөлшерлемелерін есептеу**

1. Шетел валютасы бойынша бастапқы маржаның мөлшерлемесі Комитет белгілеген тәуекел көкжиегі  $T_{RH}$  теңгеге қатысты шетел валютасы бағамының өзгеруінің валюталық тәуекелін бағалауға арналған.
2. Шетел валютасының бастапқы маржасының мөлшерлемесі тәуекелпараметрлерді есептеу кезінде әрбір сауда-саттық күні есептеледі.
3. Шетел валютасының бастапқы маржасының мөлшерлемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$MR_T = \begin{cases} \min \left( \text{ceiling} \left( \frac{\max \left( MR_{p\_T} \times \sqrt{1 + \frac{m_T}{T_{RH}}} + R_{l\_Curr}; MR_{\min} \right)}{h} \right) \times h; MR_{\max} \right), & \text{егер } M = \text{True} \\ MR_{\min}, & \text{егер } M = \text{False} \end{cases}$$

4. Шетел валютасының бастапқы маржасы мөлшерлемесінің алдын ала мәні (T) сауда-саттық күні үшін мынадай алгоритмге сәйкес анықталады:

$$MR_{p\_T} = \begin{cases} \text{ceiling} \left( \frac{\alpha^* \sigma_T}{h} \right) \times h, & \text{егер } \text{ceiling} \left( \frac{\alpha^* \sigma_T}{h} \right) \times h \geq MR_{p\_T-1} + h \\ MR_{p\_T-1} - h, & \text{егер } \text{ceiling} \left( \frac{\alpha^* \sigma_T}{h} \right) \times h \leq (MR_{p\_T-1} - h) \text{ и } T_{Ch} \geq n \\ MR_{p\_T-1}, & \text{кез келген басқа жағдайда} \end{cases}$$

5. (Curr1, Curr2) Кросс-валюта жұбының бастапқы маржасының мөлшерлемесі (T)  $MR_T^{Curr1/Curr2}$  сауда-саттық күнінде келесі алгоритмге сәйкес тәуекел-параметрлерді есептеу кезінде анықталады:

- 1) (Curr1, Curr2) кросс-валюта жұбы үшін деректердің консистенттілігінің мынадай шарттары сақталған кезде осы баптың 3 тармағына сәйкес есептелген мәнге тең белгіленеді

$$MR_{T-up}^{Curr1/Curr2}(\min) \leq MR_{T-up}^{Curr1/Curr2} \leq MR_{T-up}^{Curr1/Curr2}(\max)$$

$$MR_{T-down}^{Curr1/Curr2}(\min) \leq MR_{T-down}^{Curr1/Curr2} \leq MR_{T-down}^{Curr1/Curr2}(\max)$$

- 2) осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген шарттар сақталмаған кезде, мынадай алгоритмге сәйкес, ең жақын шекаралық мәнге тең болып белгіленеді:

$$\left\{ \begin{array}{l} \max(MR_{T-up}^{Curr1/Curr2}(\min); MR_{T-down}^{Curr1/Curr2}(\min)), \text{ егер } MR_T^{Curr1/Curr2} < \max(MR_{T-up}^{Curr1/Curr2}(\min); MR_{T-down}^{Curr1/Curr2}(\min)) \\ \min(MR_{T-up}^{Curr1/Curr2}(\max); MR_{T-down}^{Curr1/Curr2}(\max)), \text{ егер } MR_T^{Curr1/Curr2} > \min(MR_{T-up}^{Curr1/Curr2}(\max); MR_{T-down}^{Curr1/Curr2}(\max)) \end{array} \right.;$$

- 3)  $\min(MR_{T-up}^{Curr1/Curr2}(\max); MR_{T-down}^{Curr1/Curr2}(\max))$  және  $[MR_{T-up}^{Curr1/Curr2}(\min); MR_{T-up}^{Curr1/Curr2}(\max)]$  жағдайында аз интервалдың  $[MR_{T-down}^{Curr1/Curr2}(\min); MR_{T-down}^{Curr1/Curr2}(\max)]$  жоғарғы шегі деңгейінде орнатылады.

6. Бірінші деңгейдегі шетел валютасының есептесу бағамының өсу және төмендеу мөлшерлемелерінің жоғарғы және төменгі шекаралары мынадай алгоритм бойынша анықталады:

$$MR_{T-up}^{Curr1/Curr2}(\min) = \begin{cases} \frac{MR_{T-down}^{Curr2} - MR_{T-down}^{Curr1}}{1 - MR_{T-down}^{Curr2}}, & \text{если } MR_{T-down}^{Curr1} \leq MR_{T-down}^{Curr2} \\ \max\left(0; \frac{MR_{T-up}^{Curr1} - MR_{T-up}^{Curr2}}{1 + MR_{T-up}^{Curr2}}\right), & \text{басқаша} \end{cases}$$

$$MR_{T-up}^{Curr1/Curr2}(\max) = \frac{MR_{T-up}^{Curr1} + MR_{T-down}^{Curr2}}{1 - MR_{T-up}^{Curr2}}$$

$$MR_{T-down}^{Curr1/Curr2}(\min) = \begin{cases} \max\left(0; \frac{MR_{T-up}^{Curr2} - MR_{T-up}^{Curr1}}{1 + MR_{T-up}^{Curr2}}\right), & \text{если } MR_{T-down}^{Curr1} \leq MR_{T-down}^{Curr2} \\ \frac{MR_{T-down}^{Curr1} - MR_{T-down}^{Curr2}}{1 - MR_{T-down}^{Curr2}}, & \text{басқаша} \end{cases}$$

$$MR_{T-down}^{Curr1/Curr2}(\max) = \frac{MR_{T-up}^{Curr2} + MR_{T-down}^{Curr1}}{1 - MR_{T-up}^{Curr2}}$$

**39-бап.**

**Шетел валюталары бойынша шоғырлану лимиттерін есептеу**

Шоғырлану лимиті әрбір шетел валютасы (Curr) бойынша келесідей түрде есептеледі:

- 1) Комитет белгілеген тарихи кезеңдегі Curr шетел валюталарындағы CurrKZT\_TOD, CurrKZT\_TOM, CurrKZT\_SPT құралдарының кез келгенімен Биржаның сауда-саттық жүйесінде сауда-саттық жүзеге асырылған сауда күндерінің саны анықталады;
- 2) тарихи кезең ішінде Curr шетел валютасының көлемінде шетел валютасындағы CurrKZT\_TOD, CurrKZT\_TOM, CurrKZT\_SPT құралдары бойынша сауда-саттықтың жиынтық көлемі есептеледі;
- 3) тарихи кезеңдегі Curr шетел валютасы бойынша сауда-саттықтың орташа күндік көлемі мына формула бойынша есептеледі:

$$V_{\text{daily}} = \frac{V_{\text{sum}}}{N_{\text{trade}}}$$

- 4) шетел валютасы бойынша шоғырлану лимиті мынадай формула бойынша анықталады:

$$L_{\text{conc}} = V_{\text{daily}} \times K_{\text{conc}}$$



**40-бап**

**Нарықтық тәуекелдерді бағалау диапазонының жоғарғы және төменгі шекараларын анықтау**

1. Шет елдік валютаның бірінші деңгейіндегі нарықтық тәуекелдерді бағалау диапазонының жоғарғы шегі мынадай формула бойынша анықталады:

$$RH_{1_T} = Rate\_Curr_T \times (1 + MR_T).$$

2. Екінші деңгейдегі шет елдік валютаның нарықтық тәуекелдерін бағалау диапазонының жоғарғы шегі мынадай формула бойынша анықталады:

$$RH_{2_T} = Rate\_Curr_T \times (1 + ConcR_T).$$

3. Бірінші деңгейдегі шет елдік валютаның нарықтық тәуекелдерін бағалау диапазонының төменгі шекарасы мынадай формула бойынша анықталады:

$$RL_{1_T} = Rate\_Curr_T \times (1 - MR_T).$$

4. Екінші деңгейдегі шет елдік валютаның нарықтық тәуекелдерін бағалау диапазонының төменгі шегі мынадай формула бойынша анықталады:

$$RL_{2_T} = Rate\_Curr_T \times (1 - ConcR_T).$$

5. Бірінші және екінші деңгейдегі шетел валютасының есептік бағамының өсу (күлдырау) мөлшерлемелері келесі формулалар бойынша айқындалады:

$$MR_{T-up} = \frac{RH_{1_T}}{Rate\_Curr_T} - 1$$

$$ConcR_{T-up} = \frac{RH_{2_T}}{Rate\_Curr_T} - 1$$

$$MR_{T-down} = 1 - \frac{RL_{1_T}}{Rate\_Curr_T}$$

$$ConcR_{T-down} = 1 - \frac{RL_{2_T}}{Rate\_Curr_T}$$

**41-бап**

**Шетел валюталары бойынша шоғырлану кезінде пайыздық тәуекел мөлшерлемелерін және пайыздық тәуекел мөлшерлемелерін есептеу**

1. Әрбір шет елдік валюта үшін өсу мөлшерлемелері және пайыздық тәуекелдің төмендеу мөлшерлемелері жеке анықталады.
2. Бағалы қағаздың пайыздың тәуекелінің өсу мөлшерлемелері және күлдырау мөлшерлемелері тәуекел-параметрлерді есептеу уақытында әрбір сауда-саттық күнінде (T) есептеудің негізгі күндері (Tk) үшін есептеледі.
3. Шет елдік валютаның пайыздық тәуекелінің өсу мөлшерлемесі мынадай формула бойынша анықталады:

$$H_{IR_{Tk}} = \begin{cases} \text{ceiling} \left( \frac{\max(IR_{p_{Tk}} + RR_{l\_curr}, \text{Min}H_{IR_{Tk}})}{h_{IR}} \right) \times h_{IR}, \text{ егер } M = \text{True} \\ \text{ceiling} \left( \frac{\text{Min}H_{IR_{Tk}}}{h_{IR}} \right) \times h_{IR}, \text{ егер } M = \text{False} \end{cases}$$

4. Шет елдік валютаның пайыздық тәуекелінің төмендеу мөлшерлемесі мынадай формула бойынша анықталады:

$$L_{IR_{Tk}} = \begin{cases} \text{ceiling} \left( \frac{\max(IR_{p_{Tk}} + RR_{l\_curr}, \text{Min}L_{IR_{Tk}})}{h_{IR}} \right) \times h_{IR}, \text{ егер } M = \text{True} \\ \text{ceiling} \left( \frac{\text{Min}L_{IR_{Tk}}}{h_{IR}} \right) \times h_{IR}, \text{ егер } M = \text{False} \end{cases}$$

5. Шет елдік валютаның пайыздық тәуекел мөлшерлемесінің алдын ала мәні келесі алгоритмге сәйкес есеп айырысудың белгілі бір күні (Тк) үшін анықталады

$$IR_{p_{Tk}} = \begin{cases} \text{ceiling} \left( \frac{\alpha^* \sigma_T^{Tk}}{h_{IR}} \right) \times h_{IR}, \text{ егер } \text{ceiling} \left( \frac{\alpha^* \sigma_T^{Tk}}{h_{IR}} \right) \times h_{IR} \geq IR_{p_{T-1}}^{Tk} + h_{IR} \\ IR_{p_{T-1}}^{Tk} - h_{IR}, \text{ егер } \text{ceiling} \left( \frac{\alpha^* \sigma_T^{Tk}}{h_{IR}} \right) \times h_{IR} \leq (IR_{p_{T-1}}^{Tk} - h_{IR}) \text{ и } T_{Ch} \geq n_{IR} \\ IR_{p_{T-1}}^{Tk}, \text{ кез келген басқа жағдайда} \end{cases}$$

6. Шетел валютасы бойынша өсудің (құлдыраудың) пайыздық тәуекелінің мөлшерлемелері шетел валютасымен операцияны / валюталық своп операциясын жабу мәмілесінің есеп айырысу күніне сәйкес келетін Тк негізгі мерзімдері үшін анықталады.
7. Жеткізу фьючерстерін орындау күндеріне сәйкес келетін негізгі мерзімдер үшін өсудің (құлдыраудың) пайыздық тәуекелінің мөлшерлемелері линиялық интерполяция көмегімен белгіленеді
8. Негізгі мерзімдерден өзгеше Тj мерзімдері үшін өсудің (құлдыраудың) пайыздық тәуекелінің мөлшерлемелері линиялық интерполяция әдісімен есептеледі.
9. Ең жоғары негізгі мерзімнен асатын мерзімдер үшін пайыздық тәуекел мөлшерлемелері максималды негізгі мерзімнің мөлшерлемелеріне тең болып белгіленеді.

**42-бап**

**Шетел валюталары бойынша шоғырлану кезінде пайыздық тәуекел мөлшерлемелерін есептеу**

1. Комитет шетел валюталары бойынша шоғырлану кезіндегі пайыздық тәуекел мөлшерлемелері валюта нарығы үшін белгілеген,  $T_{Likv}$  тәуекел көкжиегіне және ол үшін белгіленген шоғырлану лимитінен асатын шетел валютасы бойынша ашық жайғасымды жоюға арналған кезенді бағалауға сәйкес есептеледі.
2. Есеп айырысудың әрбір күні үшін шоғырлану кезінде пайыздық тәуекелдің өсу мөлшерлемесі (Тк) мынадай формула бойынша анықталады:

$$H_{Conc} IR_{Tk} = \text{ceiling} \left( \frac{H_{IR_{Tk}} \times \sqrt{\frac{T_{Likv}}{T_{RH}}}}{h_{IR}} \right) \times h_{IR}.$$

3. Шетел валютасы бойынша шоғырлану кезінде пайыздық тәуекелдің төмендеу мөлшерлемесі мынадай формула бойынша анықталады:

$$L_{Conc} IR_{Tk} = \text{ceiling} \left( \frac{L_{IR_{Tk}} \times \sqrt{\frac{T_{Likv}}{T_{RH}}}}{h_{IR}} \right) \times h_{IR}, \text{ мұнда}$$

**43-бап**

**Пайыздық тәуекелдерді бағалау диапазонының жоғарғы және төменгі шекараларын анықтау**

1. (Т) сауда-саттық күніндегі Тк есептеу күні үшін шетел валютасының бірінші деңгейіндегі пайыздық тәуекелді бағалау диапазонының жоғарғы шекарасы мынадай формула бойынша анықталады:

$$RRH_{Tk} = (SwapCurr_{Tk} + H_{IR_{Tk}}) \times \frac{Tk-T}{365 \times 100} \times CentralRate_{Curr}.$$

2. Тк есептесу күні үшін шетел валютасының бірінші деңгейіндегі пайыздық тәуекелді бағалау диапазонының төменгі шекарасы мынадай формула бойынша анықталады:

$$RRL_{Tk} = (SwapCurr_{Tk} - L_{IR_{Tk}}) \times \frac{Tk-T}{365 \times 100} \times CentralRate_{Curr}.$$

3. Тк есептеу күні үшін шетел валютасының екінші деңгейіндегі пайыздық тәуекелді бағалау диапазонының жоғарғы шегі мынадай формула бойынша анықталады:

$$RRH_{2_{Tk}} = (\text{SwapCurr}_{Tk} + H\_ConcIR_{Tk}) \times \frac{Tk-T}{365 \times 100} \times \text{CentralRate}_{Curr}$$

4. Tk есептесу күні үшін шетел валютасының екінші деңгейіндегі пайыздық тәуекелді бағалау диапазонының төменгі шекарасы мынадай формула бойынша анықталады:

$$RRL_{2_{Tk}} = (\text{SwapCurr}_{Tk} - L\_ConcIR_{Tk}) \times \frac{Tk-T}{365 \times 100} \times \text{CentralRate}_{Curr}$$

**44-бап.**

**Шетел валюталары бойынша баға дәлізінің шекараларын анықтау**

1. Сауда-саттық жүйесінде шетел валюталарымен мәмілелер жасасуға берілетін өтінімдерді бақылау мақсаттары үшін мыналар белгіленеді

- 1) шетел валютасымен операцияларды / валюталық своп операцияларын жасауға арналған өтінімдердің бағаларын бақылауға арналған баға дәліздері.
- 2) шетел валютасымен операцияларды / валюталық своп операцияларын жасауға өтінім бағасын бақылауға арналған баға дәліздері. Своп сауда-саттық режимдеріндегі әрбір құрал үшін міндеттемелерді орындау мерзіміне байланысты өзінің баға дәлізі (бұдан әрі – своп баға дәлізі) белгіленеді.

2. Мәмілелер жасасуға арналған өтінімдердің бағалары баға дәліздерінің шекараларына жақындаған кезде шетел валютасының нарықтық немесе пайыздық тәуекелдерін бағалау диапазонының шекараларын ауыстыру рәсімі жүзеге асырылады.

3. Кез келген (Tj) есептеу күні үшін спот баға дәлізінің жоғарғы шекарасы мынадай формула бойынша анықталады:

$$RcH_{Tj} = \text{CentralRate}_{Curr} \times \left(1 + \frac{MR_i}{x_{pr}}\right) \times \left(1 + \frac{(\text{SwapCurr}_{T0/Tj} + \frac{H\_IR_{Tj}}{\text{swapx}}) \times (Tj-T0)}{365 \times 100}\right)$$

4. Кез келген (Tj) есептесу күні үшін спот баға дәлізінің төменгі шекарасы мынадай формула бойынша анықталады:

$$RcL_{Tj} = \text{CentralRate}_{Curr} \times \left(1 - \frac{MR_i}{x_{pr}}\right) \times \left(1 + \frac{(\text{SwapCurr}_{T0/Tj} - \frac{L\_IR_{Tj}}{\text{swapx}}) \times (Tj-T0)}{365 \times 100}\right)$$

5. Своп баға дәлізінің жоғарғы шекарасы (Tj) есептесудің кез келген күні үшін жылдық пайызбен мынадай формула бойынша анықталады:

$$\text{SwapRcH}_{T0/Tj} = \text{SwapCurr}_{T0/Tj} + \frac{H\_IR_{Tj}}{\text{swapx}}$$

6. Своп баға дәлізінің төменгі шекарасы есептесудің кез келген күні (Tj) үшін жылдық пайызбен мынадай формула бойынша анықталады:

$$\text{SwapRcL}_{T0/Tj} = \text{SwapCurr}_{T0/Tj} - \frac{L\_IR_{Tj}}{\text{swapx}}$$

7. Кросс-валюта жұбы (Curr1, Curr2) бойынша (Tj) есептесудің кез келген күні үшін спот баға дәлізінің жоғарғы шекарасы мынадай формула бойынша анықталады:

$$RcH_{Tj}^{Curr1/Curr2} = CentralRate_{Curr1/Curr2} \times \left( 1 + \frac{MR_T^{Curr1/Curr2}}{x_{pr}} \right) \times \left( 1 + \frac{\left( SwapCurr_{T0/Tj} + \frac{H\_IR_{Tj}^{Curr1}}{swapx} \right) \times (Tj - T0)}{365 \times 100} \right).$$

8. Кросс-валюта жұбы (Curr1, Curr2) бойынша (Tj) есептесудің кез келген күні үшін спот баға дәлізінің төменгі шекарасы мынадай формула бойынша анықталады:

$$RcL_{Tj}^{Curr1/Curr2} = CentralRate_{Curr1/Curr2} \times \left( 1 - \frac{MR_T^{Curr1/Curr2}}{x_{pr}} \right) \times \left( 1 + \frac{\left( SwapCurr_{T0/Tj} - \frac{L\_IR_{Tj}^{Curr1}}{swapx} \right) \times (Tj - T0)}{365 \times 100} \right).$$

9. Ашық сауда-саттық режимі үшін Tj есептік күніне арналған құралдар бойынша Curr2 валютасындағы Curr1/Curr2 валюталық жұбымен своп баға дәлізінің жоғарғы мәні келесідей есептеледі:

$$SwapRcH_{Tj}^{Curr1/Curr2} = CentralRate_{Curr1/Curr2} \times \frac{\left( FwdRate_{Ti/Tj} + \frac{H\_IR_{Tj}^{Curr1}}{swapx} \right) \times (Tj - T0)}{365 \times 100}.$$

10. Ашық сауда-саттық режимі үшін Tj есептік күніндегі құралдар бойынша кросс-валюта жұптары үшін пайызбен своп баға дәлізінің төменгі мәні:

$$SwapRcL_{Ti/Tj}^{Curr1/Curr2} = CentralRate_{Curr1/Curr2} \times \frac{\left( FwdRate_{Ti/Tj} - \frac{L\_IR_{Tj}^{Curr1}}{swapx} \right) \times (Tj - Tj)}{365 \times 100}.$$

11. Шетел валютасымен операциялар / валюталық своп операциялары үшін Curr2 валютасына қатысты Curr1 шетел валютасы бойынша Ti/Tj есеп айырысу күндеріне есеп айырысу бағамы мынадай алгоритм бойынша анықталады:

- 1) Шетел валютасымен операциялар / валюталық своп операциялары үшін Curr2 валютасына қатысты Curr1 шетел валютасы бойынша Ti/Tj есеп айырысу күндеріне есеп айырысу бағамы мынадай алгоритм бойынша анықталады:

$$FwdRate_{Ti/Tj}^{Curr1} = \frac{SwapCurr1_{T0/Tj} \times (Tj - T0) - SwapCurr1_{T0/Ti} \times (Ti - T0)}{(Tj - Ti)};$$

- 2) шетел валютасымен операциялар / валюталық своп операциялары үшін Curr2=KZT валютасына қатысты Curr1 шетел валютасы бойынша Ti/Tj есеп айырысу күндері есеп айырысу бағамы мынадай формула бойынша анықталады:

$$FwdRate_{Ti/Tj} = \left[ \frac{100 + FwdRate_{Curr1_{Ti/Tj}} \times \frac{(Tj - Ti)}{365}}{100 + FwdRate_{Curr2_{Ti/Tj}} \times \frac{(Tj - Ti)}{365}} - 1 \right] \times \frac{365 \times 100}{(Tj - Ti)}.$$

12. Шетел валютасымен тікелей мәмілелер режимдерінде мәмілелер жасасуға арналған өтінімдердің бағаларын бақылау үшін баға дәліздері тиісті құралдар бойынша ашық сауда режимдеріндегі мәмілелерге қатысты баға дәліздеріне тең белгіленеді.

**45-бап.**

**Сауда-саттық басталар алдында және барысында баға дәліздерінің шекарасын жылжыту**

1. Мониторинг белгісі "False"-ге тең болып белгіленген шетел валюталары үшін автоматты белгілер іске қосылмайды және автоматты режимде жылжытулар болмайды
2. Шетел валютасымен тікелей мәмілелер жасау режимдерінде белгіленген баға дәлізі шекараларының мониторингі жүзеге асырылмайды.

3. Спот баға дәлізінің шекарасын ауыстыру қажеттілігі туралы белгі келесі жағдайлардың бірі болып табылады:
  - 1) өтінімдердің кезегіндегі ашық сауда-саттық тәртіптемелеріндегі сатып алуға арналған үздік өтінімдер бағамдары (үздік сұраным) баға дәлізінің жоғарғы шегіне  $w \times (RcH_{T_j} - RcL_{T_j})$ , мәнінен төмен шамаға жақындады және нарықтың мұндай жай-күйі, бекітілетін тәуекел-параметр болып табылатын, и берілген уақыт кезеңі ішінде сақталды;
  - 2) өтінімдердің кезегіндегі ашық сауда-саттық тәртіптемелеріндегі сатуға арналған үздік өтінімдер бағамдары баға дәлізінің төменгі шегіне  $w \times (RcH_{T_j} - RcL_{T_j})$  мәнінен төмен шамаға жақындады және нарықтың мұндай жай-күйі, бекітілетін тәуекел-параметр болып табылатын, и берілген уақыт кезеңі ішінде сақталды;
  - 3) сауда-саттық басталғанға дейін болжамды бағам баға дәлізінің шекарасынан  $w \times (RcH_{T_j} - RcL_{T_j})$  шамасынан кем ерекшеленеді немесе баға дәлізіне түспейді.
4. Своп баға дәлізінің шекарасын ауыстыру қажеттілігі туралы белгі келесі жағдайлардың бірі болып табылады:
  - 1) өтінімдерге кезекте тұрған ақшаны тартуға арналған ең үздік мекенжайсыз өтінімдердің мөлшерлемелері баға дәлізінің жоғарғы шегіне  $CentralRate_{Curr1/Curr2} \times \frac{H\_IR_{T_j}^{Curr1}}{swapx} \times \frac{(T_j - T_0)}{365 \times 100}$  мәнінен төмен шамаға жақындады және нарықтың мұндай жай-күйі, бекітілетін тәуекелпараметр болып табылатын, и берілген уақыт кезеңі ішінде сақталды;
  - 2) өтінімдерге кезекте тұрған ақшаны орналастыруға арналған ең үздік мекенжайсыз өтінімдердің мөлшерлемелері баға дәлізінің төменгі шегіне  $CentralRate_{Curr1/Curr2} \times \frac{L\_IR_{T_j}^{Curr1}}{swapx} \times \frac{(T_j - T_0)}{365 \times 100}$ , мәнінен төмен шамаға жақындады және нарықтың мұндай жай-күйі, бекітілетін тәуекелпараметр болып табылатын, и берілген уақыт кезеңі ішінде сақталды;
  - 3) сауда-саттық басталғанға дейін болжамды бағам баға дәлізінің жоғарғы шекарасынан  $CentralRate_{Curr1/Curr2} \times \frac{H\_IR_{T_j}^{Curr1}}{swapx} \times \frac{(T_j - T_0)}{365 \times 100}$ , баға дәлізінің төменгі шекарасынан  $CentralRate_{Curr1/Curr2} \times \frac{L\_IR_{T_j}^{Curr1}}{swapx} \times \frac{(T_j - T_0)}{365 \times 100}$  кем немесе баға дәлізіне түспейді.
5. Автоматты белгі іске қосылмаған және сонымен бір мезгілде  $w \times (RcH_{T_j} - RcL_{T_j})$  кем шамаға баға дәлізінің шекарасына тікелей мәмілелер тәртіптемелерінде құрал курсының жақындауы немесе оның баға дәлізінің шекарасынан тыс болуы жағдайы байқалған жағдайда, Клиринг орталығы спот баға дәлізінің шекарасын өзгерту туралы шешім қабылдауға құқылы.
6. Спот баға дәлізінің жоғарғы шекарасын ауыстыру туралы шешім қабылдаған кезде спот баға дәлізінің жоғарғы шекарасы  $Shift * (RcH_{T_j} - RcL_{T_j})$  шамасына жоғары қарай жылжиды, бұл ретте ашық сауда және тікелей мәмілелер тәртіптемелерінде сатып алу-сату мәмілелері үшін – ағымдағы T саудасаттық күнінің таңына белгіленген Curr1Curr2\_TOD құралдарымен мәмілелер үшін баға дәлізінің ені пайдаланылады.
7. Спот баға дәлізінің төменгі шекарасын ауыстыру туралы шешім қабылдаған кезде спот баға дәлізінің төменгі шекарасы  $Shift * (RcH_{T_j} - RcL_{T_j})$  шамасынан төмен жылжиды, бұл ретте ашық сауда және тікелей мәмілелер тәртіптемелерінде сатып алу-сату мәмілелері үшін – T-1 сауда-саттық күнінде тәуекел-параметрлерді есептеу кезінде белгіленген Curr1Curr2\_TOD құралдарымен мәмілелер үшін баға дәлізінің ені пайдаланылады.

8.  $T_j > T_2$  есептесу күнін қоспағанда, спот баға дәлізінің шекарасы жылжыған кезде тәуекелдерді бағалау диапазоны шекарасының жаңа мәні келесідей анықталады:

- 1) спот баға дәлізінің жоғарғы шегі жылжыған кезде бірінші деңгейдегі нарықтық тәуекелдерді бағалау диапазонының жоғарғы шегінің мәні келесідей есептеледі:

$$\text{NewRH}_{1_T} = \text{RH}_{1_{T-1}} + (\text{NewRcH}_T - \text{RcH}_{T-1}), \text{ мұнда}$$

Екінші деңгей диапазонының жоғарғы шекарасы төмендегі шамаға жоғары қарай жылжиды  $\text{RH}_{1_T} - \text{RH}_{1_{T-1}}$ ;

- 2) спот баға дәлізінің төменгі шегінің жылжуы кезінде бірінші деңгейдегі нарықтық тәуекелдерді бағалау диапазонының төменгі шегінің мәні келесідей есептеледі:

$$\text{NewRL}_{1_T} = \text{RL}_{1_{T-1}} + (\text{NewRcL}_T - \text{RcL}_{T-1}), \text{ мұнда}$$

Екінші деңгей диапазонының жоғарғы шекарасы төмендегі шамаға жоғары қарай жылжиды  $\text{RL}_{1_T} - \text{RL}_{1_{T-1}}$ .

9. Ашық сауда-саттық тәртіптемесінде (Своп)  $T_i/T_j$  есептеу күндермен своп баға дәлізінің шекаралары жылжу туралы дабыл жағдайда жылжу бағытына қарай  $H\_IR_{T_j}$  немесе  $L\_IR_{T_j}$  мәндері тиісінше  $2 \times \text{Shift} \times \frac{H\_IR_{T_j}^{\text{Curr1}}}{\text{swapx}}$  немесе  $2 \times \text{Shift} \times \frac{L\_IR_{T_j}^{\text{Curr1}}}{\text{swapx}}$  шамасына өзгереді
10. Кросс-валюта жұптары үшін жылжу коэффициенті келесіге тең белгіленеді:

$$\text{Shift\_MR}_T^{\text{Curr1/Curr2}} = \frac{2 \times \text{Shift} \times \text{MR}_T^{\text{Curr1/Curr2}}}{x\_pr}$$

11. Шетел валютасы өсуінің пайыздық тәуекел мөлшерлемелерінің  $T_j$  есептеу күні үшін жаңа мән мынадай формула бойынша анықталады:

$$\text{Shift\_H\_IR}_{T_j} = \text{H\_IR}_{T_j} + \frac{2 \times \text{Shift} \times \text{H\_IR}_{T_j}}{\text{swapx}}$$

12. Шетел валютасының төмендеуінің  $T_j$  есептеу күні үшін пайыздық тәуекел мөлшерлемелерінің жаңа мәні мынадай формула бойынша анықталады:

$$\text{Shift\_L\_IR}_{T_j} = \text{L\_IR}_{T_j} + \frac{2 \times \text{Shift} \times \text{L\_IR}_{T_j}}{\text{swapx}}$$

13. Негізгі мерзімдерден өзгеше мерзімдері үшін өсудің (құлдыраудың) пайыздық тәуекелінің мөлшерлемелері сызықтық интерполяция әдісімен есептеледі.

14. Пайыздық өсу (құлдырау) тәуекелінің мөлшерлемелері негізгіден басқа есептесу күндері үшін линиялық интерполяция әдісімен есептеледі:

$$\text{Shift\_SwapRcH}_{T_0/T_j}^{\text{Curr/KZT}} = \frac{[\text{SwapCurr}_{T_0/T_j} + \text{Shift\_H\_IR}_{T_j}] \times (T_j - T_0)}{365 \times 100} \times \text{CentralRate}_{\text{Curr}}$$

$$\text{Shift\_SwapRcL}_{T_0/T_j}^{\text{Curr/KZT}} = \frac{[\text{SwapCurr}_{T_0/T_j} - \text{Shift\_L\_IR}_{T_j}] \times (T_j - T_0)}{365 \times 100} \times \text{CentralRate}_{\text{Curr}}$$

15. Жылжығаннан кейін  $T_j$  есептесу күндері үшін теңгемен индикативтік курстардың жоғарғы және төменгі мәні мынадай формулалар бойынша қайта есептеледі:

$$\text{Shift\_SwapRcH}_{T_0/T_j} = \text{SwapCurr}_{T_0/T_j} + \frac{\text{Shift\_H\_IR}_{T_j}}{\text{swapx}},$$

$$\text{Shift\_SwapRcL}_{T_0/T_j} = \text{SwapCurr}_{T_0/T_j} - \frac{\text{Shift\_L\_IR}_{T_j}}{\text{swapx}}.$$

16. Ашық сауда-саттық тәртіптемесі үшін T<sub>J</sub> есептесу күніне арналған құралдар бойынша Curr1/Curr2 валюталық жұбымен Curr2 валютасындағы своп баға дәлізінің жоғарғы/төменгі мәні келесідей есептеледі:

$$\text{Shift\_SwapRcH}_{T_J}^{\text{Curr1/Curr2}} = \text{CentralRate}_{\text{Curr1/Curr2}} \times \frac{\left( \text{FwdRate}_{T_J} + \frac{\text{Shift\_H\_IR}_{T_J}^{\text{Curr1}}}{\text{swapx}} \right) \times (T_J - T_0)}{365 \times 100},$$

$$\text{Shift\_SwapRcL}_{T_J}^{\text{Curr1/Curr2}} = \text{CentralRate}_{\text{Curr1/Curr2}} \times \frac{\left( \text{FwdRate}_{T_J} - \frac{\text{Shift\_L\_IR}_{T_J}^{\text{Curr1}}}{\text{swapx}} \right) \times (T_J - T_0)}{365 \times 100}.$$

**46-бап.**

**Орындалмаған міндеттемелер бойынша жайғасымды ауыстыру мақсатында своп мәмілелерін жасау кезінде пайдаланылатын дефолтты реттеу мөлшерлемелері**

1. Теңге / шетел валютасы бойынша SD дефолтты реттеу мөлшерлемесі Клиринг орталығының адал клирингілік қатысушының алдындағы орындалмаған міндеттемелерді ауыстыру мақсатында Клиринг орталығы пен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі / провайдер-Банк / своп операциясының адал клирингілік қатысушысы арасында жасалатын своп операциясының бағасы болып табылатын пайыздық мөлшерлемені білдіреді.
2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес своп операциясын жасасу кезінде пайдаланылған дефолтты реттеу мөлшерлемесі жосықсыз клирингілік қатысушының орындалмаған міндеттемелерін Клиринг орталығы алдында ауыстыру мақсатында жосықсыз клирингілік қатысушы мен Клиринг орталығы арасында жасалатын своп операциясы бойынша своп операциясының бағасы болып табылады.
3. Теңге/шетел валютасы бойынша SD дефолтты реттеу мөлшерлемесі жылдық пайызбен көрсетілген пайыздық теңгелік мөлшерлеме болып табылады
4. Егер своп операциясын ашу мәмілесі бойынша жосықсыз клирингілік қатысушы шетел валютасын биржадан сатып алса, ал своп операциясын жабылу мәмілесі бойынша сатса, SD<sub>Curr</sub> сәйкес шетел валютасы бойынша дефолтты реттеу мөлшерлемесі қолданылады
5. Своп операциясын ашу мәмілесі бойынша жосықсыз клирингілік қатысушы шетел валютасын теңгеге сатса, ал екінші бөлігі бойынша шетел валютасын теңгеге сатып алса, теңге бойынша SD<sub>KZT</sub> дефолтты реттеу мөлшерлемесі қолданылады
6. Клиринг орталығы пен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі / провайдер-Банк / адал клирингілік қатысушы арасында своп операциясын жасасу кезінде пайдаланылған дефолтты реттеу мөлшерлемесі жосықсыз клирингілік қатысушы мен Клиринг орталығы арасында жасалатын своп операциясының бағасы болып табылады
7. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен USD / KZT бойынша своп операциясын жасасу арқылы дефолтты реттеу жағдайында АҚШ доллары бойынша дефолт жағдайында дефолтты реттеу мөлшерлемелері мынадай формула бойынша есептеледі:

$$1) \quad \text{SD}_{\text{KZT}} = \text{R}_{\text{KZT}} + \text{CONST}_{\text{KZT}},$$

$$2) \quad \text{SD}_{\text{USD}} = ((\text{R}_{\text{KZT}} - 1 \%) - \text{R}_{\text{USD}}) / (1 + \text{R}_{\text{USD}}).$$

8. Провайдер-Банкпен своп операциясын жасасу арқылы дефолтты реттеген жағдайда Комитет бекіткен дефолтты реттеу мөлшерлемелері қолданылады Провайдер-банкпен қол жеткізілген келісімге сәйкес дефолтты реттеу мөлшерлемелері мынадай формулалар бойынша анықталады:

- 1) теңгемен дефолт жағдайында:

$$SD_{KZT} = R_{KZT} + CONST_{KZT};$$

- 2) шетел валютасында дефолт болған жағдайда:

$$SD_{CURR} = - (R_{CURR} + CONST_{CURR}) \text{ если } R_{CURR} \geq 0;$$

$$SD_{CURR} = - (CONST_{CURR}) \text{ егер } R_{CURR} < 0.$$

